

АДАМ ҚҰҚЫҚТАРЫНЫҢ БҰЗЫЛУЫНА ЖОЛ БЕРІЛМЕСІН

2-бет




ӨЗІМІЗ АНА ТІЛІМІЗДЕ СӨЙЛЕСЕК, ӨЗГЕ ҰЛТТАР ДА СӨЙЛЕП ҮЙРЕНЕДІ

5-бет



ОТКУДА У КАЗАХОВ СТОЛЬКО ЗЕМЛИ?

12-бет


# ҚАЗАҚ ҮНІ
QAZAQ ÚNI
20 JYL

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ АПТАЛЫҚ

www. qazaquni. kz || qazaquni2000@gmail. com || 2000 jylǵy 11 tamyzdan shyǵa bastady || №9 (879), 2 naýryz, 2020 jyl


8 Наурыз
*Халықаралық әйелдер күні*



## САРА АПАНЫ САҒЫНУ

Сара Рахманқызы жастайынан белсенділігімен, әншілігімен, алғырлығымен көзге түсіп, еңбекке ерте араласқан. Қоғам қайраткері ретінде тындырғаны ел есінде.

8-9 бет

# ПОЛИЦИЯ БІЗДІ ҚОРҒАЙ МА, ҚОРЛАЙ МА, МИНИСТР ТҰРҒЫМБАЕВ МЫРЗА?!.



## ІШКІ ІСТЕР МИНИСТРЛІГІНДЕ ЗАҢ БАР МА ӨЗІ?!.

3 бет

# ӘЛЕМ КҮЙРЕСЕ КҮЙРЕСІН, БІРАҚ, ӘДІЛЕТ САЛТАНАТ ҚҰРАТЫН БОЛСЫН!



## И.ӘБІШЕВ ПЕН С.ТҮКЕЕВКЕ ӘДІЛЕТСІЗ ҮКІМ ШЫҒАРҒАН СОТ ЕНДІ Ө.АҚЖІГІТТІ, С.ӘБІЛДАХАНҚЫЗЫН, А.ҚҰСПАНДЫ ЖАЗАЛАМАҚШЫ...

6 бет



Сабыржан МАХМЕТ:

# БІЗДЕ БІР ҒАНА ҰЛТ БАР, БІР ҒАНА ТІЛ БОЛУЫ КЕРЕК!

7 бет

# У КАЗАХСКОГО ЯЗЫКА НЕТ БУДУЩЕГО?!

## ИДЕТ ПОЛИТИЗАЦИЯ ЛАТИНИЗАЦИИ...

2-летняя латинизация дискредитировала всех и вся! И президент Касым-Жомарт Токаев 20 декабря 2019 г. объявил реформу казахского языка. Но лингвисты по-прежнему рассматривают другие варианты латиницы, а не реформу языка: вчера они говорили, что из-за диакритических знаков можно потерять специфические звуки языка, сегодня говорят: они нужны для сохранения его природы!



10 бет

050006, Алматы қаласы, Қалқаман-3 ықшамауданы, К. Сейітов көшесі, 11 үй. Байланыс телефоны: 8(727)398-57-31 Жазылу индексі – 65380

# АДАМ ҚҰҚЫҚТАРЫНЫҢ БҰЗЫЛУЫНА ЖОЛ БЕРІЛМЕСІН

**Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев құқық қорғау құрылымдары мен қаржы нарығын қадағалайтын және мониторинг жүргізетін мемлекеттік органдар басшыларымен кеңес өткізді.**



Жиында ел азаматтарына айтарлықтай материалдық шығын келтірген қаржы-несие ұйымдарының заңсыз қызметіне тосқауыл қоюға байланысты мәселе қарастырылды. Қасым-Жомарт Тоқаев қоғамда наразылық тудырған жағдайды егжей-тегжейлі тексеруді, азаматтардың құқықтарының бұзылуына жол бермеу үшін шаралар қабылдауды және кінәлілерді жауапқа тартуды тапсырды. Мемлекет басшысы болашақта мұндай жағдайға жол бермеу керектігін және халықтың қаржылық сауаттылығын арттыру жұмыстарының маңыздылығын атап өтті. Сонымен қатар кеңесте Еуразиялық экономикалық одаққа мүше елдерден ұлттық заңнамаларды бұза отырып әкелінген автокөліктерді тіркеу мәселесі де талқыланды. Президент Үкіметке Қазақстанның заңнамаларын, мемлекеттік бюджеттің де, автокөлік иелерінің де мүдделерін ескере отырып, аталған проблеманы шешу нұсқаларын әзірлеу жөнінде тапсырма берді. Егемендік алғаннан бері осыған ұқсас тапсырмалар жыл сайын беріліп келгенмен ол ешқашан толықтай орындалған емес. Президенттің бұл жолғы алдарына қойған міндеттемесін құқық қорғаушылар мен қаржы саласының басшылары қалай атқарар екен?..

# АТАУЛАРҒА АБАЙ БОЛАЙЫҚ

**Алматыда «Depo Park Evolution» жастар орталығының құрылысы уақытша тоқтатылды. Бұл туралы Алмалы ауданының әкімі Беккали Торғаев мәлімдеді.**

Мұның алдында әкімдік жаңа ғимараттың құрылысы 2021 жылы аяқталады деген болатын. «Депо бар. Жоба жасалған. Құрылыс компаниясы қоршауды енді қоя бастағанда құрылыс жұмыстары тоқтатылды. Бұл жерде бастапқы идея бойынша жастарға арналған лофт орталық салынуы керек болатын. Бірақ, жобаға дәмхана, мейрамханалар кіре бастады. Сондықтан, оны қайта қарау қолға алынды», - деді аудан әкімі. Алматыдағы бұрынғы трамвай деposы орналасқан аумақта қала әкімдігі жастарға арналған орталық салып, бұл жерде жастар білім алып, пікір алмасып, бос уақытын өткізетін, спортпен айналысатын – «Depo Park Evolution» салынады деп жоспарланған-ды.

Енді міне былтыр ғана жалаулатқан «Жастар жылы» қарқынын жоғалтып, оның әдеттегідей кезекті науқан екенін көрсетті. Былтыр Үкімет шешіміне орай белсенділік көрсеткен жастарымыз бір жылда «қартайып» қалған секілді. Тым болмаса оларға арнап бір орталықты дұрыс тұрғызып бере алмай отырмыз. Үміт артқан ұрпақ өкілдері бостан босқа көше кезбес үшін осындай орталықтарды еліміздегі барлық қалаларда салсақ та артық емес. Оған ақша шығындаудың да қажеті жоқ. Әр қалада ҚХА-ның хан сарайындай «Достық үйлері» бар. Олар қаңырап бос тұр, соның тым болмаса жартысын жастарға неге бермеске? Екіншіден, «Depo Park Evolution» дегеннен бірдеңе түсіндіңіздер ме? Аудармасы «Депо Парк Эволюция» болса оның жастарға қандай қатысы бар, жабылған депода қандай эволюция, қандай даму болуы мүмкін? Орталықты жастарға жанастыра қазақша атасақ ауызымыз қисайып қала ма? Мысалы «лофт» деген нені білдіреді? Ол үйдің шатыры (чердак) деген ұғым екен. Осы атауды қай «данышпан» ойлап тапты? Батысқа еліктеуді қашан қоямыз, егер олар «Жастардың әжетхана орталығы» деп ағылшынша жазып қойса біз де соны қайталауымыз қажет пе? Осыған жауапты лауазымдылар кішкене ойланса болады ғой, милары жетпесе халықпен ақылдаспай ма? Орыс тілінен енді құтылдық па дегенде көшелерімізде ешкім түсініп болмайтын шетелдік жазулар қаптап кетті. Лондонда немесе Парижде қазақша жазуларды кім көріпті? Біз тәуелсіз елміз, Құдайға шүкір өзіміздің мемлекеттік, өзгелерден әлдеқайда бай тіліміз бар. Сондықтан шетелше шатпақтамай, қазақша жазып, атауларға абай болғанымыз жөн.

## ЖАНАРМАЙ СЫРТҚА ЖАСЫРЫН ТАСЫМАЛДАНУДА

**Бензинді автокөлікпен экспорттауға салынған тыйымның мерзімі ұзартылады. Бұл ішкі нарықты жанармаймен жеткілікті қамтамасыз ету үшін аса қажет шара болып отыр.**

Энергетика министрі Нұрлан Ноғаевтың айтуынша, былтыр мұнай өңдеу көлемі алдыңғы жылмен салыстырғанда төрт жарым пайызға өсіп, 17 миллион тоннадан асқан. Соның арқасында мұнай өнімдерінің негізгі түрлері – авиакеросин, дизель отыны, бензин, мазут өндіру көлемі 2018 жылға қарағанда 9 жарым пайызға артыпты. Ал биылға арналған жоспар 12 жарым миллион тонна. Өткен жылы шілде айында тыйымды алып тастағаннан кейін бензинді Еуропа мен Орталық Азияға экспорттау басталды. Экспорт көлемі 180 мың тоннадан асты. Алайда шекаралас Ресей мен Қырғызстан және Өзбекстанға контрабандалық жолмен 400 мың тоннаға жуық бензин және басқа да жанармай түрлері өтіп кетіпті. Сондықтан министрлік қатаң шараны қолға алмақ.

## КОРОНОВИРУС ҚАУПІ КҮШЕЙЕ ТҮСТІ

**Қытайдағы қауіпті вирустың одан бетер өршуіне байланысты Қорғас кеден бекеті жұмысын тоқтатты. Бұған дейін кеден бекеті ақпанның 15-не дейін жабылған болатын. Бұл жолы шектеудің қанша уақытқа созылатыны белгісіз.**



Қауіпті індет Қытайда ғана емес, басқа елдерде де тараған соң, Қазақстан Оңтүстік Корея бағытындағы әуе қатынасын қысқартып, Иранға ұшақтар мүлдем ұшпайтын болады. ҚР Бас санитариялық дәрігері Жандарбек Бекшиннің айтуынша Иран Республикасында жағдай күрделеніп бара жатыр. Ресми түрде 42 жағдай тіркеліп, және 12-сі өліммен аяқталған. Енді қауіпсіздік үшін Қытайдан бөлек, Оңтүстік Корея, Италия, Иран, Жапония, Гонконг, Тайвань және Макаодан келген қазақстандықтар 14 күнге карантинге жатқызылады. Соның ішінде Иран, Оңтүстік Корея, Жапония, Италиядағы отандастарымыз наурыздың 1-не дейін елге оралуы керек. Оңтүстік Кореяның өзінде 34 мың қазақстандық бар екен. Сондай-ақ, 170-ке жуық отандасымыз Иранда, 180-і Жапонияда жүр. Қауіпті елдерге баруды жоспарлаған азаматтар қазіргі уақытта билетін тапсырып жатыр. Оларға жол құны тұтастай қайтарылады. Бүгінде қауіпті вирус жұқтырғандардың саны әлем бойынша 2544-ке жеткен. Сондықтан еліміздегі мекеме басшыларына Жандарбек Бекшин залалсыздандыру жұмыстарын сағат сайын ұйымастырып тұруды тапсырды.

**Еліміздегі бірқатар ақпарат құралдарының (КТК) жариялауынша 2019 жылы біздің елімізден 27 триллион теңге банктер арқылы аударылып, шетел асып кетіпті. Бұл сома еліміздің өткен жылдық бюджеттік кірісінен (6,8 трлн. теңге) төрт есеге жуық көп.**

## ҚЫРУАР ҚАРЖЫНЫ ШЕТЕЛГЕ КІМДЕР ӘКЕТІП ЖАТЫР?

Аталмыш қаржы операцияларының басым бөлігі екінші деңгейлі банктер арқылы жүзеге асырылған. Аударылған 27 триллион теңгенің 80 пайызы бес мемлекетке жіберіліпті. Олардың қатарында Ұлыбритания, Ресей, Қытай, Италия және АҚШ алдыңғы қатарда тұр. Бұл бестіктің ішінде Ұлыбритания мен Ресейге 10 триллион теңге аударылған. Министрлік ақша аударымдарын жай ғана тіркеп қоймай, арнайы бақылауға алынады деп сендірді. Ол үшін комитеттің бірыңғай ақпараттық-сараптамалық базасы бар екен. Барлық күдікті мәлімет сонда жинақталып тіркеледі екен. «База тиісті сараптаманы қолдана отырып, күдік өлшемін анықтайды. Операциялар ақша жымқыру немесе терроризмді қаржыландыруға байланысты күдікке ілінсе, ақпаратты Бас прокуратура бақылауға алып, әрі қарай құдалау үшін құқық қорғау органдарына жіберіледі» - дейді ҚР Қаржы министрлігі қаржы мониторингі комитеті төрағасының орынбасары Ғабит Лесбеков. Бірақ Қаржы министрлігі тағы да әдеттегідей ақшаны триллиондап шетел асырып жатқан азаматтардың немесе компаниялардың нақты атын атаған жоқ, тағы да құпия күйінде қалды. Сонда сыртқа заңсыз шығарылып жатқан қаржы тасқынына кім тосқауыл қоюы керек? Оның көлемі адам шошырлық, ал елімізде қаржы тапшылығы тұрақты болып тұрады. Бұл тек қана статистикалық мәлімет беретін мекеме болғаны ма? Олай болса Қаржы министрлігі жасаулы қызын шетелге ұзатқан құданың, құқық қорғау орындары қызқолдастың рөлін ғана атқарып отырғаны ғой.

## АЛАЯҚТАР ҚҰТЫЛЫП, ӘРТІСТЕР ТҰТЫЛУЫ МҮМКІН

**Елімізде үш бірдей қаржы пирамидасына тұрғындар бес миллиардтан астам ақша салған. Бұл шығын алда әлі де өсуі мүмкін. Өйткені тәртіп сақшыларына арызданбаған салымшылар жетіп артылады.**



Осы күнге дейін үш мыңға жуық тұрғын пирамидалық ұйымдардың кесірінен сан соғып қалғанын айтып ресми шағымданыпты. Ал тексеруге кіріскен тәртіп сақшылары жұрттың үш бірдей құмәнді қаржы мекемесімен 50 мыңға жуық келісім-шарт жасасқанын айтады. Қазір «Гарант 24 Ломбард», «Выгодный займ» және «Estate ломбард» компаниялары жұмыс істемейді. Бұл пирамидаларды ұйымдастырған қожайындары шетелге қашып кеткен. Ішкі істер министрлігі қазір 12 адамға халықаралық іздеу жариялады. Олардың қашан ұсталып, қайтарылары белгісіз. ҚР ІІМ тергеу департаментінің бастығы Санжар Әділовтың айтуынша қаржы пирамидаларын жарнамалаған шоу-бизнес өкілдері де жауапқа тартылуы мүмкін. Себебі, олар заң бойынша қылмыстық әрекетті жарнамалағанын білуі керек болған. Соған қарағанда, «Айран ішкен құтылады, шелек жалаған тұтылады» деп қазақ атамыз босқа айтпаған секілді.

## КӨКТЕМНЕН КҮТЕР ҚАТЕР КӨП

**Үкімет тасқынға төтеп беруге толық дайын емес. Өйткені басқаны айтпағанда, өзен-көлдің жанында жақын тұратын тұрғындарды қауіпсіз жерге көшіру жұмысы да мардымсыз.**

Әсіресе, Нұр-Сұлтан қаласында, Ақмола, Шығыс Қазақстан, Қарағанды, Қостанай, Павлодар және Солтүстік Қазақстан облыстарында жағдай қиындауы мүмкін. Елімізде 609 елді мекенді және 675 көлік жолын, 259 теміржолды су басу қаупі бар. Биыл аймақтардан 8,8 миллион текше метрден асатын қар шығарылыпты. Тасқынның алдын алу шаралары тоқтаусыз жалғаса береді дейді ҚР Ішкі істер министрі Ерлан Тұрғымбаев. Оның айтуынша бұл шараға резервтен 34,2 миллиард теңге бөлініпті. Эвакуация болған жағдайға 1700 бекет дайындалған, қажетті көліктер бөлінген. Сондай-ақ тұрмыстіршілікті қамтамасыз етуге азық-түлік пен ауыз су қоры дайын екен. Көктемнен күтер қауіп көп, қалай болар екен деген күдік те жоқ емес. Себебі, өткен жылдары қыс бойы жаттығулар өткізіп сақадай саймыз деген төтеншеліктер тасқынға төтеп бере алмағандарын жақсы білеміз.



№9 (879), 2 naýryz, 2020 jyl

ҚАЗАҚ ҮНІ
www.qazaquni.kz

# ПОЛИЦИЯ БІЗДІ ҚОРҒАЙ МА, ҚОРЛАЙ МА, МИНИСТР ТҰРҒЫМБАЕВ МЫРЗА?!.

## ІШКІ ІСТЕР МИНИСТРЛІГІНДЕ ЗАҢ БАР МА ӨЗІ?!.

**25 ақпанда қоғам белсендісі Дулат Ақәділ тергеу абақтысында қаза тапты. Ішкі істер министрлігі өкілдері бұл қайғылы оқиғаны «жүрек талмасынан қайтыс болды» деп мәлімдеді.**

**Ал Дулат Ақәділді жарты тәуліктей уақыт қана бұрын, яғни 24 ақпанда түнгі сағат 20:30–21:00 шамасында полицейлер үйіне баса-көктеп кіріп, зорлықпен алып кеткенде сап-сау болғанын әлеуметтік желідегі тарап кеткен видеодан айқын көруге болады.**

**Осы видеоға қарасаңыз, шошисыз... Ішкі істер министрі Тұрғымбаевты қайдам, оларға үйреншікті жағдай шығар, қарапайым ел шошитыны анық. Өйткені, қас қарая жетіп келіп, біреудің жекеменшік үйіне баса-көктеп кіргендердің төсегінде шешініп алаңсыз ұйықтап жатқан Дулатқа апай-топай бас салуына қарасаң, Ақмола облысы Целиноград ауданы Ішкі істер бөлімі полицейлері емес, қаскөй қарақшылар сияқты...**





Полицейлер ешқандай формасыз, алдарына медициналық «жедел жәрдем» көлігін салып алып, өздері жеке мәшинемен жетіп келген. «Жедел жәрдемді» Дулаттың денсаулығына жаны ашып алып келмеген, «бала ауырып қалып, «жедел жәрдем» шақырды» деп, үйдің есігін алдап ашу үшін алып келген. Дулаттың ұлы Жанболаттың «Біз «жедел жәрдем» шақырған жоқпыз, көрші үй болуы мүмкін» деп есікті жауып алғанына қарамай, есікті жұлып ашып, бас киімдерін баса киіп, беттерін бүркемелеп алған, қызмет куәлігін көрсетпеген бөтен адамдарды үйге кіргізгісі келмеген жасөспірім Жанболатқа күш көрсетіп, курткасын жыртып, үйге басып кіреді. Төсегінде демалып жатқан Дулатқа күш қолданып, іш киімімен жалаңаш есікке сүйреп алып шығады. «Кім кигізбейсіңдер ме?» деген айқай-шудан соң ғана киімін кигізуге мәжбүр болады...

Дулат Ақәділдің қазасына байланысты елордада Ішкі істер министрлігі ғимаратына жиналған жұртқа түсінік берген Ішкі істер вице-министрі, полиция полковнигі Арыстанғани Запаров «Азаттық» радиосы тілшісінің: «Полиция неге формасыз барған?» деген сұрағына: «Жедел уәкілдер формасыз жүре беруіне болады. Бірақ қызмет куәлігін көрсетуі керек және қызмет көлігімен баруы тиіс» деп жауап берді. Ал Целиноград ауданды Ішкі істер бөлімі тергеушісі Сағадиев те формасыз барған және жедел уәкілдер Аббасов пен Ғаппаров та формасыз барғаны былай тұрсын, бұл үшеуі де екіншіден, ешқандай қызметтік куәліктерін көрсетпеген. Үшіншіден, қызмет көлігімен емес, жеке көлікпен барып алып кеткен.

Төртіншіден, бұлар сот қаулысын орындау үшін барған болса да, біреудің үйіне түн жарымда басып кіріп, төсегінде жатқан отағасын отбасының көзінше жалаңаш сүйреп шығу барып тұрған Адам құқын қорлау ғой! Ертеңіне таңертеңгі жұмыс уақытында заңды формаларымен, қызмет көлігімен барса, Дулат шетелге қашып кетер ме еді?!. Халық алдында жұрттың сөзін сөйлеп, ұлттың мұңын айтып, Ел мен Жер тағдырын қозғап жүрген атпал азаматты жұбайы мен алты баласының көзінше бұлай қорлауға оларға кім құқық берді министр Тұрғымбаев мырза?!. Біздің полиция бізді қорғай ма, қорлай ма?

Бұл масқара көрініске қарап отырып, біздің полицияда, жалпы Ішкі істер саласында заң бар ма өзі деп ойлауға тура келеді...

Тағы бір көңілге күмән тудыратын түйткілді мәселе – «Дулат Ақәділді алып кеткенде оның орта дәрежелі алкоголь ішкені медициналық сараптамамен анықталды» деген сенімсіз сөз. Ал Дулатты жақсы біліп, тығыз араласатын жақын достары мен таныстары және отбасы мен туған-туыстары оның ішпейтінін, темекі де тартпайтынын айтып, «Бұл оны қаралау» деп видео таратты.

Қазіргі кезде, қоғам қызу онсыз да көтеріліп тұрғанда, айдың-күннің аманында қоғам белсендісін, арыстай азаматты түнде барып үйінен зорлап алып кетіп, таңертең «ол өлді» деп суық хабар естірту Дулаттың отбасы мен туған-туысы түгілі бүкіл елдің ызасын бұрқ еткізді. Сондықтан да кеше Нұр-Сұлтан қаласында Ішкі істер министрлігіне жиналған ел ешкім жауап беруге дер кезінде шыға коймағасын, Тәуелсіздік даңғылын жауып, оларды полиция төрт автобуспен алып кетіп, халық наразылығы біразға созылды. Алматы мен Шымкентте және т.б қалаларда да ел Ішкі істер департаменті алдына жиналып, қатты наразылық танытты. Бұл онсыз да ел алдында беделден жұрдай (Алматыдағы салафит Күлікбаевтың қанды жорығы, Қордай қантөгісінде полицияның дүнгендерден таяқ жеуі, Ақтөбеде бір қытайдың үш полицейге бағынбай балағаттап кетуі т.б) Ішкі істер министрлігіне іші қазандай қайнаған халықтың ашуызасын тудыруда.

Енді тек Ішкі істер министрлігі мен Бас прокуратура бұл қайғылы қазаның себебін әділ тексеріп, көпшілікте күмән қалмауы үшін комиссияға Дулаттың туыстары мен қоғам белсенділерін қатыстыруы тиіс.

Бұл жерге «Қарға қарғаның көзін шұқымайды» деген қасаң қағида жүрмейді, ол істі одан сайын асқындыратынын ұмытпау керек.

Кінәлілер, Дулат Ақәділді негізсіз тұтқындауға шешім шығарған сот та, үйге қарақшылық шабуылмен басып кірген полицейлер де және осы қайғылы қазаға қатысы барлардың барлығы қатаң жазалануы тиіс.

Иә, әлеуметтік желіде жазып жатқандай, бұл ел наразылығын тудырған қайғылы оқиғаға барлық партиялар мен қоғамдық-саяси ұйымдар өз үндерін қосуы керек! Бүгін «Ақ жол» партиясы төрағасы, Мәжіліс депутаты Азат Перуашев Нұр-Сұлтан қаласы прокуроры Бауыржан Мырзакеровке «Ақ жол» партиясы атынан депутаттық сауал жолдады.

Онда кінәлілер, Дулат Ақәділді негізсіз тұтқындауға шешім шығарған сот та, үйге қарақшылық шабуылмен басып кірген полицейлер де және осы қайғылы қазаға қатысы барлардың барлығы қатаң жазалануы тиіс.

Иә, әлеуметтік желіде жазып жатқандай, бұл ел наразылығын тудырған қайғылы оқиғаға барлық партиялар мен қоғамдық-саяси ұйымдар өз үндерін қосуы керек! Бүгін «Ақ жол» партиясы төрағасы, Мәжіліс депутаты Азат Перуашев Нұр-Сұлтан қаласы прокуроры Бауыржан Мырзакеровке «Ақ жол» партиясы атынан депутаттық сауал жолдады.

Онда «Қоғамда әртүрлі нұсқалар, соның ішінде өлімге себептің күш қолдану сипаты және қаза тапқан адамға қатысты азаптауларды қолдану туралы ақпараттар талқылануда.

Осыған байланысты Қазақстанның «Ақ жол» демократиялық партиясы:

1) қоғам белсендісі Дулат Ақәділдің қайтыс болуын объективті және әділ тергеуді қамтамасыз етуді;

2) орын алған қайғылы оқиғаға кінәлі лауазымды тұлғаларды анықтау және жауапкершілікке тартуды;

3) аталған мәселелер бойынша қоғамға және БАҚ-қа толық ақпарат беруді сұрайды» деп жазды.

Артында асыл жары мен алтын асықтай алты баласы аңырап қалған азамат, қоғам қайраткері, әлеуметтік әділдік үшін күрескен қайсар қазақ Дулат Ақәділдің алды пейіш, арты кеніш болғай! Отбасына, туған-туыстарына қайғырып, көңіл айтамыз. Ұрпақтарына Алла ұзақ ғұмыр бергей.

Иманы саламат болсын.

**Қазыбек ИСА,**
**ҚР Президенті жанындағы Ұлттық Кеңес мүшесі, «Ақ жол» партиясы төрағасының орынбасары**
*qazaquni.kz*

## ДУЛАТ АҚӘДІЛ ҚАЗАСЫНА БАЙЛАНЫСТЫ «АҚ ЖОЛ» ПАРТИЯСЫ ПРОКУРАТУРАҒА СҰРАУ САЛДЫ

**Қоғам белсендісі Дулат Ақәділдің қайғылы қазасына байланысты «Ақ жол» партиясы Нұр-Сұлтан қаласы прокурорына сұрау салды. Кеше 26 ақпанда «Ақ жол» партиясы төрағасы, Мәжіліс депутаты Азат Перуашев Нұр-Сұлтан қаласы прокуроры Бауыржан Мырзакеровке «Ақ жол» партиясы атынан сұрау жолдады.**

Онда «Белгілі болғандай 25 ақпанда Нұр-Сұлтан қаласының тергеу изоляторында қоғам белсендісі Дулат Ақәділ қайтыс болды.

БАҚ мәліметтеріне сәйкес, қазаның алдын ала себептері ретінде «Жіті қан тамырлық-жүрек функциясының жетіспеушілігі» аталған.

Аталған трагедия кең қоғамдық резонанс туғызды. Қоғамда әртүрлі нұсқалар, соның ішінде өлімге себептің күш қолдану сипаты және қаза тапқан адамға қатысты азаптауларды қолдану туралы ақпараттар талқылануда.

Осыған байланысты, Қазақстанның «Ақ жол» демократиялық партиясы келесіні сұрайды:

1) қоғам белсендісі Дулат Ақәділдің қайтыс болуын объективті және әділ тергеуді қамтамасыз етуді;

2) орын алған қайғылы оқиғаға кінәлі лауазымды тұлғаларды анықтау және жауапкершілікке тартуды;

3) аталған мәселелер бойынша қоғамға және БАҚ-қа толық ақпарат беруді сұрайды» деп жазды.

Айта кету керек, бұған дейін кеше «Ақ жол» партиясы төрағасы орынбасары, ҚР Президенті жанындағы Ұлттық Кеңес мүшесі, ақын Қазыбек Исаның Дулат Ақәділдің қазасына байланысты «ПОЛИЦИЯ БІЗДІ ҚОРҒАЙ МА, ҚОРЛАЙ МА, МИНИСТР ТҰРҒЫМБАЕВ МЫРЗА?!.» атты мақаласы жарияланған болатын.

«Ақ жол» партиясы Дулат Ақәділдің отбасы мен туған-туыстарына қайғырып көңіл айтады.

*Qazaquni.kz*

# ДЕПУТАТЫ «АК ЖОЛА»

## ПРОСЯТ ПРАВИТЕЛЬСТВО ПОДДЕРЖАТЬ ЕДИНСТВЕННЫЙ В РЕСПУБЛИКЕ СПЕЦИАЛЬНЫЙ КОЛЛЕДЖ ДЛЯ ИНВАЛИДОВ

**Депутаты «Ак жола» просят правительство поддержать единственный в республике специальный колледж для инвалидов – депутатский запрос фракции озвучил 26 февраля Кенес Абсатиров.**

**В рамках реализации Национального плана по обеспечению прав и улучшению качества жизни лиц с инвалидностью в Республике Казахстан до 2025 года, принятым во исполнение поручения Елбасы, фракция «Ак жол» просит обратить внимание на состояние единственного в республике специального профессионального колледжа для людей с особыми образовательными потребностями в г. Кентау Туркестанской области.**

«Функционирующий с 1942 году колледж, даже в тяжелые девяностые прошлого столетия не отказался от своей миссии, продолжая подготовку специалистов из числа граждан с ограниченными возможностями. Особая роль колледжа в том, что он даёт практические навыки и реальную возможность детям-инвалидам получить специальное образование и найти работу в наше трудное время», – говорится в запросе.

В настоящее время, в колледже, содержащемся за счёт областного бюджета, ежегодно получают профессию бухгалтера, портного и специалиста по обработке цифровой информации порядка 80 студентов от 16 до 35 лет из 7 регионов страны (Актюбинская, ВКО, ЗКО, Кызылординская, Карагандинская, Туркестанская области, г. Шымкент).

Колледж поддерживается силами местных исполнительных органов и предпринимателей, вплоть до медицинской реабилитации и занятий ЛФК.

Однако, как отметил Абсатиров, колледж способен удовлетворить лишь крошечную долю существующих потребностей в получении такого образования, так как является единственным подобным учреждением на 700 тысяч казахстанских инвалидов – материально-техническая и медико-социальная база учебного заведения способны лишь на треть удовлетворить существующий спрос на обучение в данном колледже.

Из-за отсутствия в здании лифта колледж вынужден отказывать в приёме на обучение инвалидам-колясочникам, число которых составляет порядка 40% из ежегодно подающих документы на обучение 200-240 абитуриентов.

Студенты с нарушением опорно-двигательной системы вынуждены посещать занятия, ежедневно по нескольку раз спускаясь и поднимаясь по лестницам на разных этажах.

По причине отсутствия спортзала и спортивной площадки у учащихся колледжа нет возможности для полноценных занятий физкультурой, что в их ситуации особенно важно.

На основании вышеизложенного, фракция Демократической партии Казахстана «Ак жол», просит:

1. С учётом географии обучающихся и существующего спроса, перевести колледж на баланс республиканского бюджета, придав ему статус республиканского учреждения;

2. Обеспечить колледж учебными и бытовыми помещениями в соответствии с реальным количеством нуждающихся в обучении и потребности в расширении перечня подготовки специалистов;

3. Оснастить колледж необходимым оборудованием, включая лифты, автотехнику, спортзал, ремонт банно-прачечного комплекса;

4. Учитывая интернатный тип проживания и особенности контингента учащихся, ввести должности воспитателя, юриста, социального педагога по работе с детьми сиротами, педагога-организатора, массажиста на бесплатной для учащихся основе.

## «АК ЖОЛ»:

# ВЕРНУТЬ ТЕСТ-ПОЛОСКАМ СТАТУС МЕДИЦИНСКОГО ИЗДЕЛИЯ!

**Придание тест-полоскам к глюкометрам статуса изделий медицинского назначения обеспечит систему четкого контроля за соблюдением требований по их хранению и транспортировке – об этом заявила Екатерина Никитинская в депутатском запросе фракции в адрес министра здравоохранения Елжана Биртанова.**



Поводом для запроса послужили многочисленные обращения предпринимателей фармацевтического бизнеса. Так, в соответствии с приказом Комитета контроля качества и безопасности товаров и услуг Минздрава с 4-го октября прошлого года у компаний-дистрибьюторов отозваны регистрационные удостоверения на тест-полоски к глюкометрам. Основанием для приказа послужило заключение самого Комитета, что тест-полоски не являются изделиями медицинского назначения. Такое решение более чем непонятно, ведь, например, аналогичный продукт в Белоруссии и России имеет статус медицинского изделия и регистрационное удостоверение.

Полоски поставляются отдельно от самого аппарата, который может быть приобретен один раз, т.к. на него дается пожизненная гарантия. Тест-полосок, идущих в комплекте с аппаратом, хватает на 1-3 дня. Между тем, они постоянно используются людьми, страдающими сахарным диабетом и являются жизненно важным элементом диагностики.

Поскольку тест-полоски не отнесены к категории медицинских изделий либо комплектующих, они попадают под дополнительное налогообложение НДС, и казахстанским больным диабетом 2 типа придется дополнительно платить за полоски порядка 330-340 млн. тенге ежегодно.

«Но не это главное. Основным вопросом является тот факт, что ранее существовавшая форма регистрации обеспечивала систему четкого контроля за перемещением товара на территории республики по всей цепочке от импортера до конечного покупателя. Компании-поставщики были обязаны соблюдать все требований по их хранению и транспортировке, а продажа изделий могла осуществляться только участникам фармрынка, имеющим соответствующую лицензию либо талон-уведомление. Таким образом, были определены конкретные юрлица, несущие ответственность как перед потребителем, так и перед государством», - отметила Никитинская.

В «Ак жоле» считают, что вывод тест-полосок из ряда изделий медицинского назначения упразднения регистрационного удостоверения фактически снимает как с оптовых поставщиков, так и розничных реализаторов ответственность за качество и безопасность продукта. Поскольку тест-полоски перестали являться медицинскими изделиями, они могут беспрепятственно продаваться в киосках, на рынках и автозаправках, где отсутствуют требования к условиям их хранения.

Все это может привести к тому, что человек страдающий диабетом, используя некачественную тест-полоску, и получив некорректный результат на глюкометре, примет лекарство в неверной дозировке или вообще его не примет для регулирования уровня сахара в крови, что может привести к коме и даже к летальному исходу.

В этой связи, депутаты Демократической партии «Ак жол» просят минздрав рассмотреть сложившуюся ситуации и вернуть указанной продукции статус изделий медицинского назначения.

*Пресс-служба «Ак жола»*



# АЗАТ ПЕРУАШЕВ ПРЕДСТАВИЛ ЗАКОНОПРОЕКТ «О ПАРЛАМЕНТСКОЙ ОППОЗИЦИИ»

26 февраля на заседании Межведомственной комиссии по вопросам законопроектной деятельности при Правительстве РК был обсужден законопроект «О парламентской оппозиции», разработанный Демократической партией Казахстана «Ак жол».

С презентацией основных положений законопроекта выступил его инициатор – лидер ДПК «Ак жол», депутат Мажилиса Азат Перуашев.

В ходе заседания состоялась острая дискуссия – госорганы настаивают на исключении из проекта некоторых норм, в том числе – связанных с расходами бюджета или не предусмотренных Конституцией РК.

Тем не менее, члены комиссии в целом положительно оценили законопроект о парламентской оппозиции.

В партии «Ак жол» ждут официального заключения Межведомственной комиссии по инициированному законопроекту.

*(Пресс-служба «Ак жола»)*

# ЗАПРЕТИТЬ «БЕШЕНЫЕ ЗАРПЛАТЫ» ФУТБОЛИСТАМ ПРЕДЛОЖИЛИ В КАЗАХСТАНЕ

Депутат Азат Перуашев предложил запретить акимам финансировать профессиональный спорт и футбольные клубы из бюджетных средств, передает корреспондент tengrinews.kz.

«Мы считаем, что нужно законодательно запретить акимам финансировать профессиональный спорт из бюджетных средств. Хватит уже. До 80 процентов в регионах выделяющихся средств уходит на футболистов. Сколько можно? Я приведу пример, недавно информация была: за 5 миллионов евро подписал какой-то клуб какого-то спортсмена. Это бюджет от 10 до 20 ДЮСШ (Детско-юношеская спортивная школа. – Прим.). Это сотни наших детей. Если мы 229 миллионов тенге тратим на развитие всего массового спорта в Казахстане, тут только на одного футболиста уходило бы 2 миллиарда. Сколько можно?» – возмутился депутат.

По его словам, в профессиональном спорте большая часть денег из местных бюджетов идет на финансирование профессиональных футбольных клубов. «Давайте финансировать детско-юношеский футбол. Давайте финансировать стадионы, инфраструктуру, но не этих товарищей с окладом по 5 миллионов евро», – указал депутат.

Профессиональный спорт, по его словам, должны финансировать бизнес, нацкомпании и спонсоры. А олимпийские виды спорта следует полностью отдать Национальному олимпийскому комитету.

«На мой взгляд, наше Министерство культуры и спорта должно заниматься только развитием массового спорта. (...) Раз такие профессионалы, пусть зарабатывают сами, пусть докажут, что они профессионалы. Высокими достижениями, а не зарплатами бешеными. А МКС должно говорить про детско-юношеский спорт. Я не верю, что у нас 30 процентов людей занимается спортом и физкультурой. Если мы включили в эту статистику занятия в школах – то это дутые цифры», – заявил Перуашев.

*Tengrinews.kz*





Төлеген НҰРЕКЕНОВ:

# ӨЗІМІЗ АНА ТІЛІМІЗДЕ СӨЙЛЕСЕК, ӨЗГЕ ҰЛТТАР ДА СӨЙЛЕП ҮЙРЕНЕДІ

**«Қазақ үні» редакциясына Алматы қаласының тұрғыны, кәсіпкер Төлеген Нұрекеновтен Мемлекеттік тілге қатысты хаты келіп түсті. Өзекті мәселені қозғаған автордың хатын оқырманға еш өзгертусіз ұсынуды жөн көрдік.**




Ассалаумағалейкум, Қазақ елім, Қазақ халқым, ағайын-бауырым! Менің есімім Төлеген. Мен 1968 жылы Тарбағатай ауданының тумасымын, Алматы қаласында тұрамын. Ешқандай партияда, ұйымдарда жоқпын.

Осы үндеуімді қазақ тілімізді сақтауға, сыйлауға,мәртебесін көтеруге арнаймын.

Қазақ тіліміздің болашағын елестетіңіздерші. Болашақтағы 20-30 жылды елестетсек қазақ тілінің мүлдем тіл ретінде жойылып кету қаупі бар. Демек,тіл кетсе ұлтта біртіндеп жойылады деген сөз. Қазіргі заманда қалалы жерде 30-ға дейінгі жастарды алсақ, 4-5 қазақ жастары тұрса өзара орыс тілінде сөйлеседі және олардың арасындағы отбасылы болған жастардың балалары қазақ тілінде сөйлемек түгілі қазақша айтқан сөзінді түсінбейді, себебі оның санасында «МЕН ҚАЗАҚПЫН! МЕН ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕ СӨЙЛЕУІМ КЕРЕК» деген ұғым жоқ. Бұл деген барып тұрған сұмдық! Біз сонда ұлтқа жасалатын геноцидты өз қолымызбен өзімізге өзіміз жасап отырмыз. Ал, енді қараңыз! Сол баланы ата-анасы күнделікті ағылшын тілінің қосымша курсына тасиды, содан ол ағылшынша сайрап шығады. Қазақ баласының білетіні орысша және ағылшынша тілдер. Бірақ, қазақ тілі емес. Осыдан кейін ол бала өзін өзі қазақпын деуге қақы бар ма ? Ата-бабамыздың заңымен қарастырсақ, қақы болмауы керек! Сондықтан, қазақша сөйлеу отбасынан басталуы керек!

Тағы қараңыздаршы, қаладағы қазақ мектептерінде оқитын балалар (орыс мектептерін былай қойғанда) сабақ кезінде ғана қазақша сөйлеседі, қоңырау кезінде немесе сабақтан тыс уақытта қарасаңыз басым көпшілігі орыс тілінде сайрап жүреді. Мектеп басшылықтары неге осы мәселені қолға алмайды? Ал, осы балалардың отбасында неге қазақ тілінде сөйлесіп баланың қанына қазақ тіліне деген құрмет сіңірілмейді?

Сонда менің түсінбейтінім, орыс тілін не үшін құрметтеп, сыйлап, мәртебесін көтеруіміз керек? Немене, Ресей мемлекеті сол үшін біздің мемлекеттік бюджетке ақша құйып беріп отыр ма? Немесе орысша сөйлеген әр қазаққа ақша төлей ме? Неге біз 5 қазақ отырып 6-шы адам орыс болса соған бола орысша сөйлесеміз? Неге біздің еліміздің Президенті, депутатарымыздың басым көпшілігі, әкімдеріміз қазақ бола тұра мәслихат отырыстары, мәжілістер орысша өтеді? Мен соған таң қаламын!

Егерде осының барлығы қазақша болған жағдайда, біз «тілді үйреніңдер» деп ұрандамай-ақ қазақша түсінбеген адам өзі-ақ қазақша үйренер еді. Қазақ өз тілінде ғана сайрап тұрса, басқа ұлт өкілдері қайда барады. Олар бізді түсіну үшін еріксіз біздің тілді үйрене бастайтын еді ғой. Қазақша түсінем, бірақ сөйлей алмаймын дегендерге айтарым, егерде сізге 3 айдан соң Америкаға қызметке барасыз, бірақ сізге бір талап, сіз ағылшынша толық сөйлей алуыңыз керек десе сіз жанталаса оқып 3 айдың ішінде ағылшын тілін үйреніп шығасыз ғой. Ал қазақ тілін неге осылай үйренбеске?

Тағы бір таң қалдыратын жағдай, орыс тілінде өзі әрең тілін бұрап сөйлеп жүрген ата-апаларымыз жандарына немерелерін ертіп алып солармен шүлдірлеп орысша сөйлесіп келе жатады. Бұған не дейсіздер? Міне, ата-апаның тәрбиесі қазір қандай деңгейге түсіп кетті! Осыдан кейін тілімді сыйла деп сен қай ұлттан талап ете аласың?

Негізі, бәрі керісінше болуы керек қой. Қазақша сөйлей алмайтын ұрпақтың балаларын осы ата-апаларымыз қазақша сөйлетіп жіберсе нұр үстіне нұр болатын еді ғой!

Сондықтан...

Қазақ бауырларым! Бәрін өзімізден бастайық!

Ол үшін мен ұсынамын:

1. Тегімізден -ов, -ова, -ович, -овна деген қосымшаларды алып тастайық та қазақша нұсқаға көшейік.

2.Мекемелердің атауын екі тілде емес, тек қана қазақ тілінде жазайық.

3. Үндеуімнің мына бөлімі Мемлекет басындағыларға жолданады:

а) Қызметке қазақ тілін білмейтін адам қабылданбасын.

Қазақ тілі бойынша емтихан тест түрінде емес кәдімгі сөйлесу-сұхбаттасу арқылы қабылдансын.

Осыдан кейін адамдар еріксіз қазақ тілін үйрене бастайды да қазақ тілі қоғамдарына, курстарына бара бастайды.

ә) Осы кезекте Үкімет қазақ тілі қоғамдарына осындай үйрену курстарын дамытып, бірақ ақылы түрде оқитын қылып өтуіне қолдау көрсетсе.

Неге ақылы? Себебі өз қалтасынан ақша төлегеннен кейін адам қазақ тілін шындап тырысып оқиды.

б) Қалалардың, елді мекендердің атауын толық қазақшалау керек.Мысалы,Усть-Каменогорск қаласын Өскемен деп, Павлодар, Петропавловскіні жаңа қазақша атаумен алмастыру қажет және т.б.

Көшелердің де екі тілде емес тек қана қазақша атауын қалдыру керек.

в) Өкімет мәжілістері, мәслихаттар толық қазақ тілінде өтуі тиіс, себебі сонда ғана қызметке келген адам мейлі қазақша білмейтін қазақ болсын, өзге ұлт өкілі болсын, қазақшаны толық меңгеріп алып қызметке бірақ келеді.

Бұл үндеуімді қазіргі заманда қазақ тіліміздің қадірі кетіп, өз қазағым, олармен қоса өзге ұлт өкілдері қазақ тілімізді сыйлаудан қалып бара жатқан соң жолдап отырмын, ағайын!

Біз, ҚАЗАҚТАР, өз ана тілімізді сыйласақ, өз тілімізде сөйлесек басқа ұлт өкілдері де тілімізді сыйлап үйренеді ғой.

Сол үшін, әрқайсысымыз өзімізден бастайық!

Осы үндеуімді әр қазаққа жеткізуге атсалысыңыздаршы, өтініш!

Қазақша ойлап, қазақ тілінде сөйлейтін Тәуелсіз Қазақ мемлекеті болайық!!!

*Қазақ үні*

Олжас ӘБІЛ:

# ҚАЗАҚТІЛДІЛЕР БАРЛЫҚ САЛАҒА КЕЛУІМІЗ КЕРЕК

**Өткенде осында орыстың көрнекті публицисті – Ермек Турсунов «маргиналдар бүкіл саланы басып былықтырып барады, ғылымда, саясатта, өнерде, везде» деп зар еңіреді. Оның бұл айтылған сөзі, сол баяғы бізге, яғни, қазақтілді қазаққа қаратып айтылғанын бәрі түсінді, мен де, оның казахстанецтері де, бәріміз керемет түсіндік.**



Меніңше, Ереманың бұл айтқан сөзі шындыққа сәйкес келмейді.

Бізде, керісінше біраз жерде қазақтілді қазақтар жоқ екен.

Билікте, экономикада, саясатта, ғылымда, көп жауапты жерлерде бізді орыстілді қазақтар билеп отыр.

Мен ана «қазақ байлығы кімде екен» деп кейде «Форбс» журналын қараймын ғой, сонда сенесіздер ме, ол тізімде араларынан қазақша сөйлейтін адам таппайды екенмін.

Шын мәнінде қазақтілді қазақтар бізде сол мырзалардың жетегінде ғана желпілдеуден аспай жүр.

Сондықтан «бәрін былықтырды» деп Еремка ренжісе, сол тілдес бауырларына ренжісін.

Жалпы, бізде қандай да бір сала, бағыт қазақтануы үшін, оны былықтыруы үшін қазақтілді қазақтар бірінші сол жерге келуі керек. Сосын олар аяқ тірегеннен соң ол жерде кәдімгідей оның қазақтану үрдісі басталады екен.

Ана физиканың заңы да солай емес пе – қандай да бір процесс басталуы үшін алдымен кеңістікте дене пайда болуы керек. Ал ол дене жоқ жерде оны қалай бүлдірді деп айыптауға болады?

Осы орайда менің ойыма біздің қазақ эстрадасының немесе шоу бизнесінің даму сатысы еске келеді.

Бір ғана мысал айтайын.

Тоқсаныншы жылдары шыны керек қазақ ән-күйі өте жұпыны еді. Оны ауыл қазақтары ғана тыңдайтын.

«Әй-әй әйяй ақ сәулем»..

«Не жаздым мен жаным саған?»..

Ол кезде жалпы жұрт орысша өлең тыңдайтын. Ал қазақ эстрадасы сағалап, соның көлеңкесінде ғана жүретін. Ол қатты кенжелеп, қалды шыны керек.

Мен одан кейінгі тоқсан, екі мыңыншы жылдардағы клиптерді қарап отырсам...

«Ал давай».

«Дильназ Ахмадиева»

«Рахат Лукум»

«Ксения»

«Рахат Турлыханов»

«Парвиз – Ситора»

«Яшлык»

«101» группа сияқты ондаған орыстілді топпен әншілердің туындылары хит екен. Ол кезде орысша ән айтқан иттің итақайы да өзінше жұлдыз боп теледидардан түспейтін.

Қазақша «Бақай» тобы... Бейбіт Қорған, «ННБек»... тағы басқалары көлеңкеде жүрді.

Қысқасы, қалалық сапалы тренд өнерде қазақтілді қазақтар ол кезде болмады десе де болады.

Одан сәл кейін мыңдаған аудитория жинап, Қайрат Нұртас шығып еді, оны сол қала тұрғындары әлі күнге шейін менсінбейді. (Сол Ермектің өзі Қайрат Нұртасты позор деп біледі...)

Сонымен не керек, бұл заман қазақ эстрадасы оңала алмады.

Ал қазіргі қазақ шоу бизнесі меніңше күрт дамып кетті, шоу бизнес өкілдері трендке айнала білді, яғни, қазақ ән-күй өнері өзара бәсекеге түсіп, содан шыңдалып шығып, ютубтен ондаған, жүз миллиондап (Ерке Есмахан) көрілім жинап отыр. Қазақтың ән-күйін қазір айналадағы түркі халықтары да өліп-талып тыңдайды. Қазақтың әні мен жырысыз олардың тойлары өтпейтін болды.

Біздің әншілер, қазір біздің мемлекетіміздің тұрғын санынан әлденеше есе көп миллиондаған көрілім санын жинайды екен. Елде сонша тұрғын жоқ, бірақ сұраныстары сұмдық екен. Олар өз креативімен айналасын мойындатып отыр, расында, бұлар соңғы кезде керемет шығармашылық табыстарға жете бастады.

Ол ол ма, қазақтың өнер саласы қазір әлемге Димаштай теңдессіз супер жұлдызды сыйлап отыр ғой.

Ұзын сөздің қысқасы, бұл мысалдан менің байқағаным, өнер саласына алдымен қазақтілді қазақтар келіп аяқ тіреп, одан өзара бәсекеге түсіп, өздерінің дарындарымен, шығармашылық креативтерімен, еңбегімен басқаны мойындатып отыр.

Сәйкесінше, біздегі басқа салаларға да осы мысалды үлгі етсе болады екен.

Біз – қазақтілді қазақ Димаштай, Самалдай барлық салаға келуіміз керек екен, мен соны түсіндім.

Біз алдымен келуіміз керек, алғашында былықтыруымыз керек,(былықтыру да процестің бір бөлшегі, даму сатысы), одан соң өзара бәсекеге түсуіміз керек, сосын қарыштап дамуымыз керек, сөйтіп жаһанды мойындатуымыз керек.

Біз әр салада дамудың түрлі сатысынан өтіп тек осылай ғана сапалы ұлтқа айналады екенбіз.

# ӘЛЕМ КҮЙРЕСЕ КҮЙРЕСІН, БІРАҚ, ӘДІЛЕТ САЛТАНАТ ҚҰРАТЫН БОЛСЫН!

## И.ӘБІШЕВ ПЕН С.ТҮКЕЕВКЕ ӘДІЛЕТСІЗ ҮКІМ ШЫҒАРҒАН СОТ ЕНДІ Ө.АҚЖІГІТТІ, С.ӘБІЛДАХАНҚЫЗЫН, А.ҚҰСПАНДЫ ЖАЗАЛАМАҚШЫ...

**Сонымен, Тәуелсіз Қазақстан тарихындағы ең әділетсіз, ең сорақы сот үдерісі де аяқталды – сот Ислам Әбішевті 5 жылға, Серік Түкеевті 4 жылға бас бостандығынан айыру туралы үкім шығарды, сонымен қатар «адвокат Абзал Құспан, журналистер Өмірзақ Ақжігіт пен Сәуле Әбілдаханқызы тарапынан процеске қатысушылардың ар-намысы мен қадір-қасиетіне нұқсан келтіретін көрінеу жалған ақпаратты таратып, сотты құрметтемей, орын алған жала жабу фактісін тексеріп, шара қолдануы Нұр-Сұлтан қаласы прокуроры назарына алынсын» деп жеке қаулы қабылдады. («Сотқа жала жапты» дейді, ә? Қызық екен... Жарайды, өзі білсін не десе де, бұл соттың осындай қисынға келмейтін сөздеріне үйреніп қалдық қой).**











Соттың **әділетсіздігі** неде? Жазаның қылмысқа сай еместігінде, яғни, қылмыстық іс болмаса да жазаның бар болғанында. **Біріншіден**, сот тергеуінде «пара алушының» ғана емес, «пара берушінің» де жоқ екені дәлелденді. Ал, пара беруші жоқ болса – қылмыстық іс те жоқ! Бұл – істің ішкі, құқықтық жағынан.

**Екіншіден,** Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің (бұдан әрмен қарай Агенттік – автор) тергеушілері «И.Әбішев пара алуға оқталды» деп үкі таққан қылмыстық істі Сотқа дейінгі тергеудің бірыңғай түзілімінде (СДТБТ) тіркемей кетіпті. Яғни, істің сыртқы (формально), ресми жағынан да қылмыстық іс жоқ. Ал, Қылмыстық-процесстік кодекстің талабы бойынша, қылмыстық іс ресми тіркелмесе – күдіктілер шынымен кінәлі болып тұрса да – іс қысқартылуы тиіс. Ондай жағдайлар бұрын біздің елде де кездескен. Адвокаттар ол прецеденттерді алға тартты. Бірақ, одан нәтиже шықпады. Адвокат М.Есқараевтың судья Қ.Мекемтасқа: «Біз істің тіркелмегенін дәлелдеп берген соң, сіз сотты әрмен қарай жүргізе алмайсыз, өйткені ол – заңсыз!» деп шырылдағаны да шыбын шаққандай әсер етпеді...

**Сорақылығы** – Ислам Әбішевтің қазынаның қаржысын жеген жемқорлығы үшін емес, керісінше, сол қаржыны үнемдегені үшін сотталуы! Сенсеңіз де – осы, сенбесеңіз де – осы. Әрине, біз бұны тек жорамал, болжам түрінде айтып отырмыз. Бірақ, өздеріңіз ойлап көріңіздер, Елбасы Н.Назарбаев: «Мемлекет қаржысын қолды етпеу тек маған керек пе?» дейді. Әбішев 1 трлн.300 млрд.теңге үнемдейді. Сондай ердің есімін елге үлгі етудің, Еңбек Ері атағын беріп марапаттаудың орнына соттауға сонша ұмтылуымыз қалай? А.Шәймерденов деген, бұрын Қаржы полициясында аса маңызды істер бөлімінің жедел өкілі болып істеген, кейін одан теріс мінездемемен жұмыстан қуылған, мемлекетке аса ірі көлемде зиян келтіруші ретінде үстінен 2018 жылы іс қозғаған, яғни, Агенттіктің «қармағына» ілініп тұрған, И.Әбішев басқаратын Су ресустары комитетімен 2018 жылы мердігер компания ретінде 6,7 млрд.теңгеге келісім-шартқа тұрған, бірақ, міндетін орындамағаны үшін комитет келісім-шартты бұзған, сол үшін Комитеттің үстінен сотқа да жүгінген, бірақ, онда ұтылып қалған СМП-610 деген мекеменің қожайынын, яғни, И.Әбішев жеке басының өзінше өкпе-реніші бар, бүгінгі таңда түнде түсіре алатын бейнекамералар секілді арнайы құралдармен арнайы мекемелерді жабдықтаумен айналысатын адамды «имитатор» ретінде ресми түрде жалдап, соның жалғыз арызын негізге алып, киіміне түрлі бейнеқұрылғыны іліп алған ол «имитатор» үш ай бойы жасырын тергеу әрекетімен айналысып, И.Әбішевтің сөзінің бәрін жазып... Соңына соншама шырақ алып түсетіндей не жазып қалып еді Әбішев?..

### КҮШТІДЕН ДЕ КҮШТІ БАР...

Бюджетті «распил» жасау арқылы (дәл осы жағынан әлемде біздің алдымызға түсетін ешкім жоқ шығар – Астанада автобус аялдамасын салуға 10 млн. теңге, Талдықорғанда қала қақпасын (арканы) соғуға 930 млн. теңге жұмсаймыз, астанадағы тұрғызылғанына он жыл да болмаған триумфалдық арканы күрделі жөндеуден өткізуге 410 млн. теңге сұраймыз, т.т.) қалтаға түспей қалған орасан көп ақшаның күйігінен басқа не себебі болуы мүмкін бұның?.. «Сөздің өтірікшынына қарама, қисынына қара» депті дана бабаларымыз. 2013 жылы жасалған еліміздегі «Суармалы жерлерді қалпына келтірудің» мемлекеттік бағдарламасында (ары қарай – Бағдарлама) *60 мың га жерді айналымға қосуға, 0,9 млрд. $м^3$ суды үнемдеуге, 0,6 млрд. $м^3$ қар, жаңбыр суын жинауға 1 533 млрд. теңге* бюджеттен бөлінетін болады. Ал, И.Әбішев басқаратын комитет 2014 жылы 6 ай тынбай жұмыс істеп, қайта жасап шығарған бағдарламада ***610 мың га (10,16 есе көп) жерді айналымға қосуға, 2,4 млрд. $м^3$ (2,66 есе көп) суды үнемдеуге, 1,9 млрд. $м^3$ (3,16 есе көп) қар, жаңбыр суын жинауға бюджеттен 580 млрд. теңге (2,9 есе кем немесе 963 млрд. теңге аз)*** бөліну көзделген. Сонда бюджетке жер аумағының өзінен 27 есе артық, қалған екі көрсеткішті қоссақ, ең кемі 30 есе артық қаржы салынып отыр. Бір ғана нақты мысал: бұрынғы бағдарламада Астана су қоймасын қоршауға 31 млрд. теңге қаралған екен. Ол жұмысты И.Әбішевтің комитеті 2 млрд. теңгеге орындап шығыпты... Енді осыншама артық есептелген Бағдарламаның Парламентте (Мәжіліс пен Сенатта) мақұлдауына ие болу қатардағы кез-келген министрдің қолынан келеді деген ертегіге сенуге бола ма? И.Әбішев: «Елбасы менің аналитикалық анықтама жазған қағазыма мына төмендегі бұрыштаманы жазды: **«Б.Сағынтаевқа, А.Мамытбековке. И.Абишевтің ұсыныстары бұрынғы бағдарламадан ұтымды. Қарап, үкіметте шешім қабылдау үшін. Н.Назарбаев. 19 қараша 2014 ж.**»

Бірінші Президенттің осындай қолдауын алғанына қарамай, жаңа Бағдарламаны Үкіметте бекіттіру үшін И.Әбішевтің екі жыл уақыты кетті: *«2014 жылдың желтоқсан айынан бастап, 2016 жылдың желтоқсан айына дейін 2 жыл бойы ескі программаға өзгеріс ендірумен жүрдік. Сонда 2 жыл тексергенде ешқандай параметр өзгерген жоқ, тек ішіндегі сөздерді «олай жазу керек», біресе «былай жазу керек» деген сылтаулармен созыла берді. Мысалы, 1 трлн. теңге артық жоспарланған бұрынғы программа ішінде біз жүргізген есептердің бір де біреуі болмаса да, мен төрағалықтан кеткеннен кейінгі (2013 жылдың тамызы – Ө.А.) 9 айда оп-оңай қабылданып, қомақты қаржылар бөліне бастаған... Бір жиында Елбасыға бағдарламаның созылып жатқанын айтқанымда, тиісті министрліктер маған жабылып кетіп, мен кінәлі болып шықтым. Ескі программаға бөліне бастаған қаржылар сап тыйылды.* ***Біздің қысқартқан, барлық есеп-қисабы бар нақты дәлелденген бағдарламамызды 2 жыл дегенде әрең қабылдады да, мемлекеттен қаржыландырудан бас тартып, қаржы көзін өзгертіп, «халықаралық қаржы ұйымдарынан несие алыңдар» деп бекітіп берді***...»

Ендеше, осындай «дүмі диірмен тартатын» құдыретті жандар ғана И.Әбішевтің қалайда сотталуына мүдделі» деген болжамымыздың қисыны бар шығар? «Бәрібір, қисыны жоқ» десеңіздер өздеріңіз білесіздер. Тек күдіктенуге құқығымыз бар болған соң айтып жатырмыз...

### «ЖАЗЫҚСЫЗҒА ЖАЗЫЛҒАН ҮКІМ. ӨШТІКТЕН ТУҒАН ҰЙҒАРЫМ»

*«Если у вас нету тети,*
*Ее вам не потерять».*
*Сергей Никитин*

Тақырып – бүгінгі қазақ журналистерінің арқа тұтар үлкені Марат Бәйділдәұлы (Тоқашбаев) ағамыздың сөзі. Ары қарай ол кісі былай дейді: «Сот екеуін ақтап жіберсе, финпол екі азаматты бір жылға жуық әуре-сарсаңға салғаны үшін жауапты болып қалады. Ондай жағдайда финпол ерегіспен сот саласына шүйілгері анық. Соттамайын десе финполдан қорқады, соттайын десе қоғамдық айыптаудан қорқады. Екі оттың ортасында қалған судья Қажымұқан Мекемтас, жоғары жақтың келісімімен болар, Ислам мен Серікті құрбандыққа шалып жіберді. Бұл Қазақстанда сот саласында әділеттіліктің жоқ екендігін көрсетеді.

Судьяның адвокат Абзалға, журналистер Өмірзақ пен Сәулеге қатысты «сот беделін түсірді» деп арнайы ұйғарым шығаруы тіпті кісі күлерлік жайт. **Сот беделін олар емес, нақ өзі түсіріп жүргенін қатысып отырған жұрт талай рет көрді ғой.** Сондықтан, мұны мен судьяның жеке мүддемен ӨШ алуы деп есептеймін.

Ислам мен Серік бұл әділетсіз үкімнен соң еңселері түспей, желке жүндері жығылмай, аяғына дейін күресулері керек. Халық көріп отыр, халық Сіздерді қолдайды! Түбінде шындық жеңеді!»

Үкімнің не себепті әділетсіз шығарылғаны жайлы өз пікірімізді айттық. Ал, адвокат А.Құспан мен С.Әбілдаханқызы үшеумізге қатысты жекеше ұйғарым жөнінде ағамыздың өте әділ де дәл бағасына жалғыз ауыз сөз қосқан жөн шығар: «жыласаң тағы ұрамын» деген ұстаныммен шығарылған бұл ұйғарымның түпкі мақсаты қоғамға «жазықсыз жандарға араша боламын, әділеттілік жайлы айтамын деп әуре болмаңдар, «сотқа жала жапты» деп, басқаларыңыздың да аузыңызға құлып салу қолымыздан келеді» деген ишара деп түсінеміз.

«Сот жеңіл жаза берді ғой, неге риза болмайсыздар?» деген сұрақ тууы мүмкін. Меніңше сот ол үкімді амалының жоқтығынан, халық қаһарымен есептеспесе болмайтындықтан, ғана жеңілдетіп беріп отыр. Себебі, соңғы 4-5 айда қалың ел Ислам Әбішевтің шын мәнінде елім деп туған ер екенін танып, біліп, түсініп болды. Кәзір посттың астындағы комментарийлдерде бұрынғыдай білмей беталды сөйлеу азайды, сыртынан күйе жағу сиреді, тіпті, жоқ есебі десе де болады. Өйткені, Шындық, дәлелді дерек пен нақты дәйек кімнің болса да мойнын бұрғызбай қоймайды. Осы 30 жылдық нарық заманында өзінің үй-жайын, компаниясының дүние-мүлкі мен ғимаратын кепілге қойып, қарапайым шаруалардың 3 мың отбасына 1 млрд. теңгеге жуық ақшаны кредитке алып берген Ислам Әбішевтен басқа кім бар? Иә әкім, иә кәсіпкер-бизнесмен бар ма? Жоқ қой! Олигархтар мүлдем жоқ.



Ендеше, осындай халық құрметіне бөленіп, аты дүйім Алаштың аузындағы ұранына айналып келе жатқан адамды аяусыз жазалауға соттың дәті шыдамады деп түсінген абзал. Оның үстіне алда Жоғарғы Сот бар, оған кассациялық шағым беру мүмкіндігі бар. Ал, Жоғарғы Сот тек құжаттармен жұмыс істейді. «Айыптау жағының қорытындысын 100 пайыз жоққа шығардық» деген адвокаттардың сөзі бар. Тіпті, соның 50 пайызының өзі Ислам Әбішевті ақтауға артығымен жетіп жатыр. Демек, шынайы Әділет салтанат құратын күн де алыс емес. Себебі, көне римдіктер дұрыс айтқан, Әділет күйреген күні мемлекет те күйрейді. Мемлекет оған түрлі себеппен жол беріп қоюы мүмкін, ал, қоғам, әсіресе Ислам Әбішевтей халықтың қамын шын мәнінде ойлайтын ерлері бар бүгінгі қазақ қоғамы оған жол бере алмайды...

**Өмірзақ АҚЖІГІТ**



**«Қасарысқан жауына қанды көбік жұтқызған» қазақтың қасқыр мінезді жігіттері қашан да аз болмаған. «Ежелден ер тілегі – ел тілегі, Адал ұл ер боп туса – ел тірегі» демекші, жүрегі жұртым деп соғатын еңселі ерлер туралы ел аузында небір аңыз-әңгімелер жүреді. Жауырыны қақпақтай, жұдырығы тоқпақтай ердің сойы, елдің қамқоры болып жүрген сондай азаматтардың бірі – Сабыржан Ғалымжанұлы Махмет. КСРО-ның еңбек сіңірген спорт шебері, КСРО және Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген жаттықтырушысы, КСРО әуе десант әскерінің (ВДВ СССР) үш дүркін абсолюттік чемпионы, ережесіз жекпе-жектен бірнеше дүркін әлем чемпионы, КСРО мен Қазақстанда кикбоксинг пен ушу-саньданың іргетасын қалаушы, Дүниежүзілік «Жекпе-жек» қауымдастығының президенті, Қазақ спорт және туризм академиясының профессоры Сабыржан Махмет ағамыздың атына қанық болғанымызбен, жүздесудің сәті түспей жүр еді. Есілді өрлей біткен елорданың төріндегі «Алатау» спорт кешенінде Ауған соғысы мен Желтоқсан көтерілісі ардагерлеріне арналған «Жекпе-жек» ұлттық спорт федерациясының қалалық ашық чемпионатында Сабыржан ағамызбен кездесіп қалдық. Чемпионаттың құрметті қонақтары ішінде белгілі ақын, ҚР Президенті жанындағы Ұлттық Кеңес мүшесі, Халықаралық Алаш сыйлығы иегері, Халықаралық Сергей Есенин атындағы сыйлықтың лауреаты, ЮНЕСКО Әлемдік өнер және мәдениет академиясы академигі Қазыбек Иса да шақырылған болатын.**

**Қысқа уақытта болса да, Сабыржан ағамызбен сәті түскен сұхбат жасадық. Соның өзінде көптеген келелі мәселелер жөнінде пікір алмасып қалдық. Қазақ десе ішкен асын жерге қоятын қайсар ағамыз қалыбынан жазбай, өз әңгімесін ұлтшылдық тақырыбынан бастады.**

## Сабыржан МАХМЕТ:

# БІЗДЕ БІР ҒАНА ҰЛТ БАР, БІР ҒАНА ТІЛ БОЛУЫ КЕРЕК!

Ұлтшылдық мәселесі қозғалғанда еліміз Тәуелсіздік алғалы бері ел санасына жиі сіңіріп келе жатқан «көпұлтты мемлекет» деген ұғым туралы айтпай кетуге болмас. Әсіресе, соңғы болған Қордай оқиғасынан кейін халыққа талай жылдан теліп келе жатқан «толеранттылық» тақырыбында да ағамыздың өз айтары бар екен.

### ҚАЗАҚСТАН — ЕШҚАНДАЙ ДА КӨПҰЛТТЫ МЕМЛЕКЕТ ЕМЕС

— Қазақстан — моноұлтты мемлекет. Қазақ Елі ешқандай да көп ұлтты мемлекет емес.

### ҰЛТШЫЛ БОЛУ — ҰЛТЫНДЫ СҮЮ ДЕГЕН СӨЗ!

— Қазақта «Ұлтшыл» деген ұлықты сөз бар. Бұл өз ұлтын сүйетін мемлекетшіл азамат дегені. Біреулер «Ұлтшыл»деген ұлтымыздың ұлықтап келе жатқан сөзін әдейі «ұмыта қалып» «Ұлтжанды» деген сөзді алға шығарып қояды. «Ұлтжанды» деген не ол? Қазақта «Итжанды», «Қатынжанды» деген сөз тіркестері бар. Ұлтжанды сөзінде ешқандай айбар жоқ.

Ал енді шовинистер мен өзіміздің нигилист құлсаналар Ұлтшылдықты «фашистік» деп оттауда. Ұлтыңды сүюді, яғниғ мемлекетшілдікті — «фашистік» деп қалай ауыздары барып айтады?!. Мен өзімді ұлтшылмын деп санаймын. «Ұлтына, жұртына қызмет ету — білімнен емес, мінезден» дейді Әлихан Бөкейхан. Бұның барлығы ананың сүтімен, әкенің қанымен даритын асыл қасиеттер. Өйткені, «Ана сүтімен бой өседі, Ана тілімен ой өседі!» «Ел боламын десең, бесігіңді түзе» деген. Осы жердің көгіне аунап, жерінен нәр алған азамат ретінде мен өз ұлтымның болашағын ойлаймын, әрине. Өз ұлтым үшін барымды аямаймын. Ұлтым үшін жаным пида. Бірақ, ұлтшыл болу — өзге ұлттарды басыну деген сөз емес. Ұлтшыл адам ғана, өз ұлтын сүйген адам ғана өзге ұлттарды сыйлай біледі. Біз өзіміздің өзгелердің алдында тілімізбен, салт-дәстүрімізбен, білімімізбен биік қоя білуіміз керек, — деді Сабыржан Ғалымжанұлы.

Мен бұны сонау 90-шы жылдардан бері айтып келе жатырмын. Қазіргі ассамблея кезінде қалай аталғанын жақсы білесіз: «Қазақстан Халықтары Ассамблеясы». Кейін біз «халықтары» деген ұғымның дұрыс еместігін ашық айттық. Ақыры оны «Қазақстан Халқы Ассамблеясы» деп өзгертіп қойды. Бізде бір ғана ұлт, бір ғана тіл бар. Ол — Қазақ ұлты мен Мемлекеттік тіл — Қазақ тілі. Кез-келген Қазақстанда тұратын этнос өкілі қазақ тілін жетік білуі шарт. Ассамблеяның негізгі мақсаты — Қазақстандықтарды мемлекеттік тілде сөйлеуге жұмыс істеуі міндетті.

Бізде демократия деп көкитіндер де аз емес. Демократиясы дамыған Ұлыбритания, Франция, Германияға барыңыз. Мейлі, қайдан келген босқын болсаңыз да, ағылшын, француз, неміс тілін білуіңіз керек.

Ондай дамыған алдыңғы қатарлы мемлекеттерді айтпағанда, көрші ағайын еліміз Өзбекстанға барыңыз. Ол жақта «көпұлтты» деген әңгіме жоқ. Өзбекстанда тұрасың ба, өзбек тілін біл. Бітті! Конституциядан Мемлекеттік тіл туралы 7-ші баптың 2-ші тармағын алып тастап, Мемлекеттік тіл туралы заң қабылдау керек. «Ресми тіл — орыс тілі» деген бізге керек пе? Бізде жалпы халықтың 80 пайызға жуығы қазақтар ғой. Мысалы, Ресейді алыңыз. Онда да ұлттық құрылымның 80 пайызға жуығы орыстар. Одан кейінгі саны көп көп ұлт — татарлар. Бірақ, Ресейдің заңында «Ресми тіл — татар тілі» деген бар ма? Жоқ! Сондықтан, елдегі этностар қазақ тілін, салт-дәстүрін, тарихын сыйлап, зерделеп, жаттап жүру керек! Бізде бір ғана ұлт бар, ендеше бір ғана тіл болуы керек! — деп ағынан жарылған даңқты спортшы тарихтан да сыр шертіп, қызықты жайттан үзінді келтірді.

— Заманында әйгілі Әйтеке би қалың қазақ батырлары жоңғарларға қарсы соғысқа аттанарда «Араларында қатыны қалмақтар жоқ па?» деп сұраған деседі. Біз қазаққа қазақтан басқаның жаны ашымайтынын да ашық айтуымыз керек! Өйткені, Елдің тұтқасы — біздер, қазақ халқы. Барлық жауапкершілік Қазақ ұлтында! Тәуелсіздікті сақтау үшін, Елімізбен Жерімізді сақтап қалу үшін, біз Қазақтардың бірлігі мықты, ынтымағы берік болса, ырысы мол болады, — деп жалғастырды ол сөзін.



Сондай-ақ, ол ел атауына қатысты да пікірін айтып кетті.

— Біздер жетпіс жыл Кеңес одағының кезінде, қызыл империяның кезінде Қазақ Республикасы атандық. Ал, Тәуелсіздік алғанда оған «стан» деген жалғауды қосып, «Қазақстан Республикасы» деген ешқандай ұғымға сыймайтын атау пайда болды. «Стан» дегеннің өзі республика дегенді білдіреді. Сондықтан, біз Қазақ Республикасы деген атауды қайтаруымыз керек. Оған қоса биыл Алаш арыстарының арқасында шекарасы анықталған Қазақ Республикасының 100 жылдығы! Сонымен бірге жиі көтеріліп жүрген мәселе солтүстіктегі қалаларымыздың, тіпті облыстың аты Тәуелсіздікке отыз жылдай уақыт болса да, әлі күнге Ресей патшазадаларының атымен аталып келе жатқаны мемлекетіміздің атына ауыр айып! Сондықтан, үш жүздің басын қосқан Абылай ханның ордасы болған Петропавл қаласын Абылай хан атын беру керек. Ал Павлодарды қала тұрғындарының жиынында Сарыарқа деп атауға ұйғарым жасапты, солай ауыстыру керек! — деді саңлақ спортшы.

Спорт демекші, Дүниежүзілік «Жекпе-жек» қауымдастығы президенті болып отырған Сабыржан ағамыз, бүгінде жас спортшылардың халықаралық аренаға шығуына зор үлесін қосуда.

Әлмерек, Қабанбай, Бөгенбай, Баймұрат, Жауғашты, Қарабай секілді қазақтың қол бастаған батырлары атындағы турнирлер ұйымдастырып, ұлттық салауатты өмір салтын ұстануын дамытуда аянбай еңбек етіп жүр.

### ҚАЗАҚ — ТЕКТІ ХАЛЫҚ

— Жекпе-жек деген қазақтың қанында бар өнер ғой. Домбыраның бір ішегі — ана тілің, бір ішегі — ұлттық рухың болса, сол секілді аттан түспеген қазақ баласының ешкімнің алдында бас имегені де осы жекпе-жек өнерінің дамығандығынан. Ұлттық тәлім-тәрбиесіз өскен қазақ жасы қанша білімді болса да, ұлтқа қауіпті болып шығады. Менің шешем айтатын, «қасқырдың терісін тірідей сыпырсаң да қыңсыламайды» деп. Қазақ та текті халық қой. Сүйегіміз сынуы мүмкін, рухымыз ешқашан сынбайды. Осынау кең байтақ жер бізге атадан мирас болып текке қалды ма? Бұл ұланғайыр атырапты бабаларымыз ақ білектің күшімен, ақ найзаның ұшымен қорғап қалмап па еді? Мұндай жауынгер халықтың ұрпағы жекпе-жек спортымен айналыспауы мүмкін емес. Бізге Ел де, Жер де, Тіл де ата-бабамыздан аманат етіп қалдырылды. Сол секілді «Жекпе-жек» жауынгерлік өнері де атамыздан қалған асыл аманат, Ал біз аманатқа адал болып, ұлттық құнды мирасымызды дамытып, жаңа заманға сай жаңғырта беруіміз керек. Сондықтан, біздікі сол рухты жастарды демеп, бағыт-бағдар беру!, — деп түйіндеді сөзін аңыз ағамыз.

Сонымен батыр ағамызбен келесі кездескенде кең көлемді келелі сұхбат жасауға келісіп қоштастық.

**Азамат ТАСҚАРАУЛЫ,**
*qazaquni.kz*

*8-наурыз – Халықаралық әйелдер күні*

# Сара апаны

## Жазушы С.Мыңжасарова туралы сыр

***Орта Азия елдерінде тұңғыш роман жазған әйел қаламгер Сара Мыңжасарова Ақтөбе облысы, Шалқар ауданы, Қара-шоқат темір жол стансасының бойында 1924 жылдың 29 қазанында дүниеге келген. Әкесі Рахман теміржолшы, анасы Ылайық – оқытушы. Мектепті, Ақтөбе оқытушылар институтын бітіріп, мұғалім болып, он сегіз жасында Шалқар аудандық комсомол комитетінің бірінші хатшылығына сайланғаннан бастап қашан өмірден өткенше белсенді еңбек етті.***

***Шығармашылық жолы Талдықорған, Алматы қалаларымен тікелей сабақтас. Талдықорған облыстық комсомол комитетінің мектеп жастары арасындағы жұмыс жөніндегі хатшылығынан 1949 жылы журналистік жұмысқа ауысады. «Сталиншіл» газетінде бөлім меңгерушісі боп, келесі жылы Қазақстан республикалық партия мектебінің аудармашылар бөліміне оқуға түсіп, қызыл дипломмен бітіріп оралады. Талдықорған облыстық «Сталиншіл» газетінің жауапты хатшысы, «Семиреченская правда» газетінің әдеби қызметкері, Алматы облыстық «Коммунизм таңы» газетінің тілшісі, «Казахстанская правда» газетінің аудармашысы.***

Сара Рахманқызы жастайынан белсенділігімен, әншілігімен, алғырлығымен көзге түсіп, еңбекке ерте араласқан. Қоғам қайраткері ретінде тындырғаны ел есінде. Мемлекеттік биік лауазымдар иемденген Бижамал Рамазанованың естелігіндегі мына сөздерге ден қоялық: «Әке-шешеммен бірге ат арбамен Талдықорғанға облыстық комсомол кеңсесіне келдім. Бәрі орысша сөйлейді екен. Өзімше ауданға белгілі болып қалғанмын. Бірақ мұнда келсем түкке жарамайтын адам болып қалдым. Мені ешкім танымайды. Обком комсомолдың бірінші хатшысы Забиров та әңгімелесті. Мәскеуден ЦК ВЛКСМ-нан келген әйел менімен сөйлесіп болып, «Бұл кісі орысша білмейді екен. Сірә, қызметке ала алмаспыз» деді. Енді қайда барамын? Ат арбамен 200 шақырым жол жүріп әрең жеткенбіз, оның үстіне елге қайта бару – ұят. Біраз уақыт өткенде обком комсомолдың мектеп жөніндегі хатшысы Сара Мыңжасарова шақырып, «Бөлімде жалғыз өзім жұмыс істеймін, сен маған хатшы боласың» деді. Жұмыс істегенде орыс тілі жағынан көп қиындықтар болды». Ал, Сара апай кішкентайынан екі тілге бірдей және айналасына үлгі болды.

Ақтөбелік еңбек ардагері Ақбике Түйешова Ұлы Отан соғысына қатысып қайтқан Сүлейменова Айыш, Кінәзбаева Қамажай, Ерниязова Әрік, Бәтенова Балжан, Тойбазарова Тоти туралы жазған мақаласында былай дейді: «Бұлардың бәрінің де еліктеп өскен апалары Сара Мыңжасарова болды. Сара сол мектепте оқып жүргенде белсенді қыз еді. Толық, ақсары жүзі күлімдеп тұратын. Сырдың «Қара торғай» әнін тамылжытып айтатын. Кейін Алматыға оқуға барды, Жазушылар одағының мүшесі болды. Бұлардың бәрі темір жол интернатында жатқанымен, Шалқардағы жалғыз орта мектепте оқыды. Бірақ тәрбиешілері орыстар еді. Бәрі де Кішіқұмның қыздары».

Ақтөбе облысы,«Шалқар» газетінің 2014 жылғы бір санынан «Карттарымыз болғаны қандай жақсы?!» мақала оқып, қатты қуандым. Тоғыз стансасында тұратын Нұрбану Жақанова былай деп жазады: «Ауылымызда Лайық Нұрпейісова есімді әже бар. Оны алғаш көрген адам бірден назар салады. Аққуба, өңді, келісті келбеті, жігері жасымаған жанары кезінде аяулы ару болғанын білдіріп-ақ тұрады. Жақынырақ араласатын болған соң әжеден өткен өмірі туралы сыр тарттым бір күні.

– Мен 1933 жылы осы Тоғыз станциясында дүниеге келдім. Әкем Нұрпейіс 16-шы ауылда Тоғыз советінің секретары болған. Осы жерде Лайық Мыңжасарова есімді мұғалім болды. Сара деген қызы бар-ды. Осы өңірден шыққан Сара Мыңжасарова деген жазушы апаларың сол кісі. Әкем: «балам осындай мұғалім болсын», – деп есімімді Лайық мұғалімнің құрметіне қойған ғой».



**Мағира ҚОЖАХМЕТОВА,**
**Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, Халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының лауреаты**

Өзім он тоғыз жылдан бері шығарып келе жатқан «Балбұлақ» республикалық балалар журналының оқушы кезінен редколлегия мүшесі болып, бү күнде еңбек етіп жүрген Изатима Сәмтікбаеваның «Сара Мыңжасарованың «Әйел бақыты» романындағы Балымай есімді кейіпкердің қатты ұнағандығы соншалықты, туған сінілімнің есімін Балымай қойдық. Бір қызығы, сіңлім тура сол кейіпкерден аумай өсіп келеді, – дегені де есімде.

Жазушының шығармаларына бүгінгі танда оқырман ғана емес, ғалымдар да ықылас танытуда. Мұның бір дәлелі Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті баспасөз және баспа ісі кафедрасының профессоры, филология ғылымдарының докторы Меңдігүл Бұрханқызы Шыңдалиеваның «Төзім шеңбері» деген зерттеуі. Романның әр бөлімін түбегейлі талдап, мынадай қортынды жасайды: «Жазушы Сара Мыңжасарованың бұл романында ауыл тіршілігі және ауыл адамдарының бір-біріне деген шынайы қарым-қатынасы, туыстық сезімі біршама тәуір сипатталған. Күнсұлудың басына іс түсіп, қиыншылық көргенде құрбыларының көмекке келуі де нанымды берілген. «Күн батып кетті. Қырманда күзетшіден басқа ешкім жоқ. Күнсұлу әлі бидай суарып тұр. Бұл күндері Күнсұлу қорасында бір – екі ұсақ жандығына, жалғыз сиырына да қарауды қойған. Оларды іздемейді, сиырды саумайды. Көршілес, ағайындас әйелдер ертелі – кеш үнсіз келіп, малын жайғастырып, сүтін пісіріп кетеді»- деп автор сол шақтағы Күнсұлу қайғықасіретіне ортақтасқан ауыл адамдарының мәні бар штрихтар беру арқылы көрсетеді. Қиын қыстау шатқаланда шыныға түскен Күнсұлу жарық күндерден үмітін үзбей, жігер мен күрес үстінде көрінеді. «Төзім шеңбері» романының қаһарманының алдағы тағдыры, кейінгі халін топшылауды автор оқырманның үлесіне қалдырады.

Қорыта айтқанда, автор бұл романда қазақ әйелінің еңбекке араласып, өз бақытын тауып, қызығылықты өмір кешетініне оқырманның көзін жеткізе сүреттеген».

Бүгінгі сұраныс талабынан туындаған мұндай талдауға қалайша қуанбасқа! Уақыт алға жылжыған сайын көзден де, көңілден де алыстай берер есімдерге дәл осылай аракідік оралып, қаламдас аға-апаларымыздың мұрасын түгендеп тұрғанға не жетсін.

Әлдеқалай пікір жарыстырып, сыр бөліскенде, қасындағылар телегей-теңіз лықсыған ойларының шаңына да ілесе алмайтын. Әдетте сұстылау көрінер түрі мұндайда жадырап шыға келетін. Кез-келген тақырыпты түп тұқиянына шейін талдап беретін. Шіркін-ай, дейтінмін іштей, радио, теледидардан уақыт бөлсе, мәселе түйткілін қалай зерттеп, қалай сөйлеудің үлгісін көрсетер еді-ау! Көл-көсір білімі қалыптастырған ішкі мәдениеті қатарынан озық көрсететін оны. Біреулердің жаман әдеттерінен түңілгенде «Мынау кітап оқымаған сорлы ғой» дейтін. Осы тұста өзінің естелігінен мына бір үзіндіге назар аударайық: «...ол кезде кеңсе қызметкерлері кешкі жұмысқа баратын. Ертеңгі сағат тоғыздан кешкі алтыға дейін, кешкі сағат сегізден түнгі он екіге дейін шұғыл жұмысың болмаса да кеңседе отыруға тиіссің. Жексенбі күні ғана бір күн демалыс беріледі. Ал кешкі қызметтің жақсылығымен сағат сегізден түнгі он екіге дейін көркем әдебиет кітаптарын оқуға мүмкіндік алдым. Бұрақ бұл әдетім сөз болмай да қалған жоқ. Цекакомсомолдан Дяглева деген бір нұсқаушы келіп жүрген, ол Мыңжасарова жұмыс істеудің орнына кітап оқып отырады деп, цекамолдың басшыларына хабарласа керек. Мені дереу цекомолдың бюросына шақырды. Бюроның алдында сол кездегі бірінші хатшымыз Әмір Қанапин шақырып алып сөйлесті.

– Кітапты жұмыстан бос уақытта оқу керек қой, – деп сөз бастай бергенде, сөзді ұзатпай мен:

– Жастар арасындағы жұмысқа өрелерің тар, дүниетануларың нашар, оқымайсыңдар, адамның психологиясына қарай жұмыс істеуді білмейсіңдер, қолдарыңнан қаулы жазудан басқа ештеңе келмейді, оны да біздің қаулыларымыздан көшіріп жазасыздар десеңіз дұрыс болар еді. Бізге кітап оқисыңдар деп емес, оқымайсың деп ұрысыңыздар, -деп едім, Қанапин күліп жіберді. Маған сәл қарап отырды да, «бұл да дұрыс екен, кете бер, мәселеңді бюроға қоймаймыз» деп ұлықсат берді. Сондықтан болар, мен комсомол қызметінен кеткенде Талдықорғанның обком партиясының хатшыларын сынға алып, Әмір Қанапин мен Хиуаз Доспанованың іскер, сауатты кадрымыздан айырылып қалдық деп, айтысқа дейін барғаны. Ал комсомол қызметін атқарған жеті жылдың ішінде кешкі жұмыс мерзімін пайдаланып, батыс, шығыс, орыс, қазақ, әдебиетін оқуыма, қолыма қалам алуыма, қоғам өмірінде болып жататын құбылыстарға зер сала қарап, ой өзегінен өткізуіме әсер еткені сөзсіз».

Сара Рахманқызы «Қыр қыздары» романын жазған елуінші жылдардың соңы, алпысыншы жылдардың басындағы ахуал бәрімізге белгілі. Қазаққа тән қасиет ескінің сарқыншағы саналып, жаппай жасықтыққа бой алдырып үлгерген едік. Соған қарамастан «Туған жерге, оның мәдениеті мен салт-дәстүрлеріне айрықша іңкәрлікпен атсалысу – шынайы патриотизмнің маңызды көріністерінің бірі» екенін қалай түсінген десеңізші. Жан, тәнімен ұлтын сүйіп, іштей дәріптегенімен өткен шақтың мұң, зарына оралу оңай емес-ті. Алайда бірден қиын жанрға ден қойған автор сол қилы-қилы кезеңдегі қазақ қыз, келіншектерінің тірлік тынысы, жаңалық атаулыға ілесуі қиялын самғатып, тақырып аясын бірден анықтап алды. Әйел мұңы, әйел төзімі, әйел бақыты бүкіл шығармашылық ізденісінің өзегіне айналды сөйтіп.

Соғыстан сау қайтқаны үшін жолдасы Мұқыш жұрттың бәріне көмектесуге тиістімін деп санайтын. Мемлекеттік жоспарлау комитетінің бөлім бастығы, ортасына сыйлы, Ахмет Жұбанов, Төлеу Басенов сынды небір атақты тұлғалармен жақын араласты. Әттең, тым ерте кетті. Бүкіл әулеттің мұң, мұқтажын енді өзі атқарып, таңертеңнен кешке шейін үкіметтің жұмысы, қосымша табыс үшін түнімен аударма жасап, жалындаған шағында көркем дүние стихиясына сүңгуге мүмкіндік тумады.

Сара апамыз жазушылықты шахтердың қауіпті де азапты еңбегімен салыстыратын. «Қайдағы шабытты айтасың, күтетін уақыт жоқ, жазу – кен қазумен тең» дейтін. Иә, ол өмір бойы қаруымен – қаламымен құм, тас, түйіршіктерінен алтын, күмісін ажырата аршуға тырысты. Соның арқасында «Қыр қыздары», «Әйел бақыты», «Төзім шеңбері» романдары, «Өмір көріністері» әңгімелер мен повестері күні бүгінге шейін кітапхана оқырмандарының сұранысына ие. Ғалым, композитор, күрішші, шопан, тігінші, жылқышы, дәрігер, дирижер,т.б. мамандық иелерінің жан сырын ақтарған «Замандастар» очерктер жинағының «Ақылымен, қолымен, дарынымен заманауи Қазақстанды жасап жатқан нақты адамдарды қоғамға таныту» деген бүгінгі күн талабымен үндесуі ғажап.

Рас қой, «Біз «Жанында жүр жақсы адам» деген сөздің байыбына бара бермейміз. Шын мәнінде, Тәуелсіздік дәуірінде өзінің еңбегімен, білімімен, өнерімен озып шыққан қаншама замандастарымыз бар. Олардың жүріп өткен жолдары – кез келген статистикадан артық көрсеткіш». Рухани бағдарламаның мән, мағынасы Сара Мыңжасарованың





# сағыну

ғана емес, өмірден өткен талай қазақ қаламгерінің туындыларынан да айқындалады.

Киноға, небір мәнді сериялдарға сұранып тұрған Кемел Тоқаевтың детективтерінен, хикаяттарынан, ұлтының бүгінгі сұранысын жасап үлгерген Ілияс Есенберлин, қайталанбас эпикалық туынды қалдырған Хамза Есенжанов, Зейін Шашкиннің он тоғызыншы ғасыр қоғамын шынайы бейнелеуінен, Сейітжан Омаровтың шуақты, лиризмге тұнған дүниелерінен, Жәрдем Тілековтың оқыс оқиғалар арқылы көп жәйтті қамтығанынан, Өтебай Қанахиннің уақыт, заман қасіретін нақты жеткізуінен, Рахметолла Райымбековтың өмірдің өзіндей нанымды қолтаңбасынан, Қалмұхан Исабаевтың тарихи деректерді әлеуметтік көрініске ұластыруынан (тізімге ілінбегені қанша десеңізші) рухани жаңғырудың бағыт, бағдарламасын тереңірек түсініп, сипатын аныққаның көруге болар еді.

Сара Мыңжасарованың қалың жұртшылықтың қызығушылығын тудырып, жүздеген мың таралыммен шыққан кітаптары да бар. Белгілі баспагер Әбілмәжин Жұмабаев «Сара, сенің «Қыр қыздарыңа» кітапханалардан, халықтан көп сұрау түсіп жатыр, соны қайта қарап, толықтырсаң, шығарып берейін» деп, уәдесін орындады. Тіпті орысша шығуына да тікелей ықпал етті. Мәскеулік аудармашының қасына атақты актер Леонид Куравлевты ертіп, апамыздың кең дастарқанында болғандары есімде. Саясат, әдебиет, өнерге қатысты әңгіме тиегін орыс тілінде ақтарғанда, қонақтар қайран қалған.

«Казахстанская правда» газетінде 1960 жылдан 1971 жылға дейін тілші, яғни осы басылымдағы тұңғыш журналист қазақ қызы болғанын біреу біліп, біреу білмейді. Орысы, еврейі бар, кілең ығай мен сығай, мықтылармен иықтас, ешқайсынан тайсалған емес. Туған ұлтының мүддесіне қатысты сәл түйткілді байқаса, «сендер қазақтың жерінде тұрып жатқандарыңды ұмытпаңдар» деп, қаны қызып ұшып тұратын.

Өткен ғасырдың жетпісінші, сексенінші жылдары Байланыс министрлігінің баспасөз тарату бөлімінің бастығы боп тұрғанда, атағы дүркіреп, қазақ тіліндегі газет, журналдарға, жоспарға енген кітаптарына тираж сұрайтындардың меселін қайтарған тұсы болмаса керек. Мереке Құлкенов жазғандай: «Қазір кейбір классикпін деп жүрген қаламгерлеріміз алдымен кітап саудасы мекемелеріне, сосын Райхан жеңгем, ( Райхан Зейнутдинқызы Мертенова – Қазақстан Тұтынушылар одағының кітап саудасы бөлімінің басшысы), марқұм Сара Мыңжасарова (Қазақ баспасөз одағының басшысы, жазушы) сияқты көркем шығарманың қадірін білетін жандарға қарыздар». Шынында да талай ақын, жазушы сол тұста Сара Рахманқызының көмегін көрді, өйткені тираж дегеніңіз қыпқызыл табыс, мың, миллиондаған қаржы еді. Дәл сол жылдары талай әріптесінің материалдық жағдайларын түзеп, құт, берекесін тасытқаны анық.

Қазір сендіру қиын, әлем классиктерінің таңдаулысы, толық шығармалар жинағы бар, жалпы кітап сатып алу аса күрделі, таныс арқылы арнайы жазылып, жылдар бойы әрең толығатын небір мықтылардың жеке кітапханалары. Осы шаруалардың біразы Мыңжасарованың тікелей ықпалымен жүзеге асатын.

Түрлі жиналыстарда алыстан көретінмін. Түйдек-түйдек пікірін нақты жеткізіп, мінбеден түсіп, ой құшағына беріле темекі түтінін будақтатып, оқшау отыратыны есімде. Арнайы барып сөйлесуге біртүрлі батпайтынмын. Бас редакторлар, қалам тербейтіндердің алдындағы беделі зор. Кезкелгенінің мәселесін тез шешіп береді деп еститінмін.

Мәриям Хакімжанова, Фариза Оңғарсынова,Тәшіңке Бәрібаева, Әмина Мәметоваларды ортасынан жиі кездестіріп, бірте-бірте жақын араласып кеттік. Бұл – о кісінің зейнетке шығып, денсаулығының нашарлығына қарамастан өндірте жазған кезі. Тағайындалған пенсиясы да мардымсыз, титтей жеңілдікке де ілінбегеніне қарамастан мырзалығында, қайырымдылығында шек жоқ еді. Қашан барсаң, дастарқаны жаюлы, еті асулы, бауырсағы пісірулі, азық-түліктің, тағамның ең маңыздысын ғана таңдайтын.

Қызы Қарлығаш ештеңеден тарықтырмады. Қолы ашық, пейілі кең, тәтті, дәмдісін, қазы, картасын дайындап, жақсы көрген жандарын күтіп отыратын. Жазушылар одағында бухгалтер боп істейтін Ибада екеуміз апамның қандай тапсырмасын да мүлтіксіз орындап, айтқанын екі еткізбедік. Көңіл қалауымен өмір сүрді, кез-келгенді жанына жақындатпайтын, тура айтып, тіке сөйлейтін.

Сонша адамға жақсылық жасап, қолындағы билік арқылы түрлі мәселелерін шешіп бергенде, жеке басына орай ешкімнің алдына барған емес. Мақтау, марапат күтпеді, дүние, лауазым қумады. Бұған шамасы да жоқ-ты. Комсомол, партияның, газет редакцияларының қымқуыт шаруасымен, білімін шыңдаумен өтті жастық шағы. Балаларының тәрбиесі, карттардың жағдайы, ағайын-туғанның өтініші ешқашан назарынан тыс қалмады. Ел игілігіне қалтқысыз еңбек етті. Жақсы, жайсаңмен араласты. Үлкенді, кішілі әріптестерінің табысына қуана білді, күндеу, қызғану табиғатына жат еді. Мәриям апамызға деген қамқорлығы қандай еді, шіркін!

Елу жасқа толғанымда, «Қазақ әдебиетіне» шығармаларым жайлы алғаш жазған Сара Мыңжасарова болатын.

Әттең, қасында жүргеніммен Сара Мыңжасарова апамның шығармаларын тиіп-қашып қана оқып, жазушылық лабораторияларына, өмір жолдарына қатысты тереңірек сыр бөлісуге ынталанбағаныма дәл қазір өкініп отырмын. Бір-бірімізге мұңшалық бейқамдық, салғырттық танытқанымызда, сыншыларға, замандас әріптестеріне ешқандай пікір, жақсы, жаманды лебіз білдірмепті деп өкпелейтінімнің жөнсіздігін, мұны ең алдымен өзіміздің атқаруға тиіс екенімізді тым кеш ұққандаймын.

Науқасқа шалдыққанымен түрлі жоспарымен (Әмина Мәметова туралы кітап жазу, т.б.) бөлісіп, сиясы кеппеген шығармасынан үзінді оқуды ұнататын.

Сағынамыз Сара апамызды. Небір күйзелісті өткерді басынан. Анасы, сүйікті жары тым ерте көз жұмды. Жиырма жасында дәрігердің қате қойған диагнозынан қайтыс болған жалғыз ұлы Оспан мүлдем қаусатып кетті. Он жылдай қалам ұстай алмады, денсаулығынан айырылды. Білгір хирург Мұхтар Әлиевтің тікелей көмегі, Қарлығашының қамқорлығы, Салтанат немересінің қызық, қуанышы ауыр дерттен айықтырып, өмірге – жазуға қайта оралтты. Сөйтіп жаңа туындыларымен табыстырды оқырманын.

2001 жылдың маусымында Сара апамыздың үйінде бас қосқанымыз есіме түсіп отыр. Ауруханада жатқанына қарамастан арнайы келген Әбдіжәмил ағамыздың шын көңілінен ақтарылған әңгімесін сүйсіне тыңдадық бәріміз. Мектепте қатар оқыған екеуінің әңгімесі жарасымды еді. Әбдіжәмил Нұрпейісов өте көңілді, тебіреңе сөйлеп, мектептегі кезін есіне алып отырды. Сара құрдасының қандай киім киетініне шейін есіне түсіріп, өте көп адамды атады. Әбдіжәмил аға осы уақытқа шейін бір көмек көрсетпегенін, Сара апамның да ешқашан ешқандай өтініш айтпағанын, талай адамға пәтер алуға ықпал еткенін т.б. әңгіме тиегін ақтарды. Өзінің жастық шағын армансыз еске түсіргендей болды ғой деймін...

Мен Сара апамның ешкімге бармайтынын, пенсиясының мүлдем аз екенін айттым. Әбдіжәмил аға «қағаздарын жинап, маған әкел» деді. Апамыз бірақ елп ете қоймады.

Не істеп, не қойса да айналасынан қолдау күтпеді, билік басындағыларға құрақ ұшпады. Өйткені есін білгеннен төңірегіндегілерге өзі қамқор, өзі би боп дағдыланған еді. Өтірік, өсектен, жәдігөйліктен, жамандықтан бойын аулақ ұстады. Ішкі тәуелсіздігі, көлгөсір білімі, әлем әдебиеті інжу-маржанынан телегей-теңіз сыр шертетіні, кішкентайынан қалыптасқан талғамы, өз заманының кемкетігін тереңнен түсінетіні, ортаның, қоғамның даму жолын айқындай алатын биік өресі өкінішке орай рухани айналымға түскен жоқ. Бұған сұраныс та болмады, айрықша жаратылған болмысы алдынан ұдайы кедергі туғызып отырды.

Айналып кеп әлем таныған кластасы Әбдіжәмил ағамен сол бір кездесудегі Сара апамның маңғаз түрі, тіпті менсінбегендей сынай танытқаны орала береді көз алдыма. Мінезі сәл-пәл жұмсақтау боп, дәл қазір ретімен өтінішін жеткізсе, бәрі-бәрі басқаша жүйесін табар ме еді деген ой қыландаған со жолы. Әдебиет кеңістігінде бағы жанған Ә.Нұрпейісов бала кездегі танысына қалайда демеу болар деп үміттенгенмін...

95 жылдығы ресми аталмағанымен, оқырмандары есімін ұмытқан жоқ, кейіпкерлерінің атын перзенттеріне қойдық деп жатады, кітапханаларда шығармаларын іздеп сұрайтындар жетерлік. Түрлі фразеологиялық, лингвистикалық, филологиялық, топонимикалық, терминологиялық, т.б. тақырыптық сөздіктерде шығармаларының сөйлемдік құрылымдары өте жиі мысалға алынады. Романдарын жан-жақты зерттеп жүрген ғалымдар да бар. Жоғарыда атап өткеніміздей, өнер – өмірі рухани жаңарып, жаңғырудың сипатына тұнып тұр. «Семиреченская правда», «Казахстанская правда» газеттері мен партия, комсомол саласында атқарған жұмысынан небір сырлар ақтаруға болар еді. Еврей мен орыс (шетінен мықты) әріптестерімен пікір таластырып, ұлттық мүддеге келгенде, бет қаратпайтыны жайлы сұхбаттарында, естеліктерінде талай айтылған. Совет заманында қазақ басылымдарының, кітаптарының таралымын көбейтудегі тәжірибесі өзалдына.

Шіркін, дәл қазір Сара Рахманқызындай мамандар жетпейтіндей көрінеді маған. Өрлігі, суырып салма шешендігі, тез шешім қабылдайтыны адалдығымен, әділдігімен үндесіп, кез-келген мәселені түбірінен түсіне қоятын. Рухани жаңғыру бағдарламасына жан кіргізу үшін де бір сәт жүрегі қазағым, ұлтым, тарихым, тілім деп лүпілдеген осындай тұлғалардың архивтердегі, кітапханалардағы мұрасынан сусындаған жөн-ау. Тазарудың, жаңарудың, сананы оятып, дүр сілкінудің амал, тәсілін өткен шақтан да үйренуге болады.



**2-летняя латинизация дискредитировала всех и вся! И президент Касым-Жомарт Токаев 20 декабря 2019 г. объявил реформу казахского языка. Но лингвисты по-прежнему рассматривают другие варианты латиницы, а не реформу языка: вчера они говорили, что из-за диакритических знаков можно потерять специфические звуки языка, сегодня говорят: они нужны для сохранения его природы! А ведь за 28 лет не разработана даже концепция языковой реформы!**




# У КАЗАХСКОГО ЯЗЫКА НЕТ БУДУЩЕГО?!

## Идет политизация латинизации...

### ПОЛИТИЗАЦИЯ ЛАТИНИЗАЦИИ ПРОДОЛЖАЕТСЯ ДО СИХ ПОР

В нашей стране «политику» во многих сферах определяют чиновники, а не специалисты, как должно быть. По этой причине появились неграмотные варианты латиницы, которые «демонтировали» после критики.

В целом научно не обоснован сам переход на новую графику и не разработана научная языковая стратегия; лингвистика слабо финансируется, а некоторые ее отделения не развиты или отсутствуют. **Вся проблема латинизации в том, что произошла ее политизация: без обсуждения в обществе, без научного обоснования «сверху» были предложены три варианта латиницы**. Характерно, что даже Указы президента о переводе на латинскую графику были опубликованы без научной аргументации.

Но, несмотря на недавнее вмешательство главы государства, процесс политизации перевода на латиницу продолжается до сих пор. И власти, и общественность не обращают на это должного внимания. Все-таки казахский имеет статус государственного языка, и для решения его проблем необходимо привлекать компетентных специалистов, а не чиновников. Не говоря о финансировании научных проектов и ученых – вместо этого огромные деньги ушли на внедрение вариантов латиницы от чиновников.

Например, недавно директор Национального научно-практического центра «Тіл-Қазына» Ербол Тлешов заявил, что рассматриваются 8 новых вариантов алфавита казахского языка на латинской графике, и эти вариации лягут в основу реформы алфавита.

Через несколько дней его опроверг другой чиновник от языковой политики: мол, рассмотрение 8 вариантов алфавита – это грубейшая ошибка, будут лишь некоторые изменения и дополнения в предыдущий алфавит, тотальных изменений в этой графике не будет, будем усовершенствовать его некоторые знаки (буквы). И в течение месяца Минкультуры представит доработанный вариант латинской графики казахского языка. Об этом в интервью рассказал глава Комитета по языковой политике Галымжан Мельдешов. По его словам, этот вариант не будет похожим на все другие языки, новый вариант будет полностью «казахстанским» продуктом.

На днях этих чиновников опроверг директор Института языкознания им. Байтурсынова Ерден Кажыбек: «Мы изучили требования и официальную позицию других языковедов и экспертов. Также мы учли те варианты, которые ранее активно обсуждались и видоизменялись. Оказалось, что тот вариант, на котором мы остановились, был разработан еще 20-30 лет назад. Мы его сразу же и предложили. **Мы, как главный научный лингвистический центр в области филологии, считаем, что нужно перестать слушать мнение частных экспертов и специализированных центров.** Считаем, что надо принять этот вариант, так как он уже давно был сформирован, был напечатан в изданиях, обсуждался на многих международных конференциях и задокументирован в научных исследованиях, посвященных этой теме».

### ИДЕТ БОРЬБА ЗА ФИНАНСИРОВАНИЕ ПРОЕКТОВ

Эти выступления наших чиновников и лингвистов показывают не только несогласованность, неготовность чиновников к языковой реформе и непонимание ее сути. **Идет публичная борьба за финансирование проектов по разработке варианта или вариантов латиницы без научной концепции реформы языка.** При этом эти чиновники, кроме Ердена Кажыбека, – не лингвисты, в интернете не найдете их научных статей, трудов по лингвистике, не говоря о концепции реформы казахского языка.

На разработку и внедрение неграмотных вариантов латиницы были выделены большие средства, которые израсходованы впустую. И разработчики, которые продвигали их, как в ни чем не бывало, продвигают сейчас другие варианты.

Ведь директор Республиканского координационно-методического центра развития языков им. Ш. Шаяхметова Е.Тлешов, который презентовал в парламенте алфавит с диграфами, в 2017 г. говорил: «От введения диакритических знаков отказались, поскольку из-за их редкого использования можно потерять специфические звуки казахского языка», и алфавит должен состоять из 25 латинских букв и 8 диграфов.

А в 2020 г. Е.Тлешов, уже директор Национального научно-практического центра «Тіл-Қазына», говорит: «Но при этом каждая страна использует дополнительные знаки, которые отличают алфавиты. Поэтому нужно понимать, что казахский алфавит не может быть полностью скопирован с английского алфавита и состоять только из 26 знаков»; «дополнительные знаки нужны именно для сохранения природы языков».

Это явные противоречия: наши чиновники от языковой сферы привыкли противоречить себе и не признавать свои ошибки, которые могли пагубно повлиять на язык?! Это лишь отдельные примеры уровня чиновников как лингвистов и политизации языкового процесса.

В начале 2018 года «Фергана» писала, что на сайте электронного правительства Казахстана появился документ, согласно которому на распространение в соцсетях информации о переходе родного алфавита на латиницу власти страны планировали выделить блогерам 462,6 млн тенге ($1,4 млн). Тогда заместитель председателя Комитета по развитию языков Г.Мельдешов отметил, что благодаря публикациям в СМИ была обнаружена ошибка (?) в соответствующем документе, размещенном на портале электронного правительства. «Хотели бы довести до сведения общественности, что выделение средств на разъяснительную работу в соцсетях не предусмотрено», – сказал чиновник и добавил, что допустивший ошибку сотрудник ведомства будет наказан.

Вопрос, каким образом у нас появляются «ошибки» о 462,6 млн тенге, является риторическим. А если СМИ не обратили внимания на эту информацию, что было бы? Тем не менее, многие блогеры, общественные деятели, чиновники «пошли в народ», чтобы пропагандировать «каракалпакский» вариант латиницы, проводились собрания, круглые столы и другие мероприятия по продвижению неграмотной латиницы. Благодаря такой «политике» удалось «задавить» противников варианта с акутом и начать «успешно» его внедрять.



### МЕЖДУ МОЛОТОМ И НАКОВАЛЬНЕЙ ЛАТИНИЦЫ: НЕ БУДЕТ РЕФОРМЫ ЯЗЫКА?

20 декабря 2019 г. президент Касым-Жомарт Токаев заявил: «Хотел бы также высказаться по вопросу перехода на латиницу. Спешки в этом вопросе допускать нельзя. Требуется тщательно, выверенно, всесторонне проанализировать и проработать все аспекты внедрения нового алфавита. Предложенные три варианта латиницы оказались несовершенными. Поэтому нужен поистине научный подход к этой проблеме, которую упрощать нельзя. **Речь не идет о простом переложении кириллицы на латиницу, нужна реформа казахского языка, его модернизация. Ждем авторитетного мнения наших ученых. Еще раз заявляю, что мы реформируем именно казахский язык.** В таком судьбоносном для нации вопросе кампанейщина, легковесность недопустимы!»

То есть, спешить с переходом на латиницу не надо, нужна реформа казахского языка.

Вместо этого начались «разборки» между чиновниками за новый вариант латиницы. Кстати, это лишь айсберг казахской латинизации – что в реальности происходит в борьбе за латинский «пирог», общественность мало осведомлена, ибо официальной информации – мизер.

Ведь в сентябре 2017 г. в мажилисе парламента РК состоялась презентация проекта республиканского бюджета на 2018-2020 гг., где говорилось о том, что власти Казахстана планируют направить 600 млн тенге в рамках перехода казахского языка на латиницу. Согласно материалам, распространенным на презентации, для перехода на латиницу в 2018 г. будет направлено 300 млн тенге, еще 300 млн направят в 2019 г. За такие деньги многие чиновники и лингвисты были готовы внедрить «каракалпакский» вариант латиницы, и чиновники без должного анализа взялись за их освоение.

По этой причине активно шла работа по апробированию, составлению правил правописания, внедрению нового алфавита в учебники, составлению нового словаря казахского языка и т.д. по утвержденному Указом президента варианту с акутом.

В целом многие лингвисты поддерживали и поддерживают латинизацию по очень простой причине: за годы независимости лингвистика слабо финансировалась, многие проекты остались не реализованными, годами не решались проблемы науки и ученых, а в связи с латинизацией стали выделять бюджет. Если они выступили бы против латинизации, в том числе неудачных вариантов, то они остались бы без финансирования и даже без работы.

Это плоды все той же политизации: многие крупные чиновники заявили о латинице как факторе духовного возрождения, будто эта графика – национальная. В итоге не решенные языковые проблемы за 28 лет независимости отошли на второй план.

В целом казахская лингвистика в плачевном состоянии: дефицит профессионалов, мало молодых ученых. К примеру, если в Институте языкознания им. А. Байтурсынова заработная плата молодых специалистов около 50 тысяч тенге, то кто пойдет и заменит своих старших коллег? К тому же по многим направлениям лингвистики нет финансирования, многие проекты могут не выиграть гранты и т.д.

Из-за политизации латинизации не обсуждается и такой важный вопрос, как общий бюджет перехода на латиницу. Если предположить, что эта сумма составит 20 млрд долларов, то никто не может эту информацию опровергнуть, потому что наши экономисты, депутаты, финансисты всесторонне не изучили этот вопрос и не озвучили реальную цену латинизации, даже предварительную. Ведь уже вхолостую истрачена огромная сумма: как было указано в проекте республиканского бюджета республиканского бюджета – на 2 года почти 2 млн долларов.

Реформаторский зуд охватил многих чиновников, лингвистов и общественных деятелей: каждый хочет остаться в истории. Так и представляешь, как какой-нибудь министр поучает своего подчиненного: что сложного в акуте – ставишь знак над буквой и получишь новый казахский алфавит!

Например, книгу Н.Назарбаева «Времена и думы» («Жылдар мен ойлар») издали на латинской графике, содержащей апострофы, через 3 дня после подписания Указа о введении нового алфавита! По словам тогдашнего министра культуры А.Мухамедиулы, текст перевели с кириллицы на латиницу за 3 секунды, а любое издательство за несколько часов выпускает книгу. Оказывается, всё просто!

**В итоге не будет реформы казахского языка, о которой сказал президент К.Токаев?!**

Дастан ЕЛДЕС
*d.eldesov@mail.ru*

# ПУТЬ АБАЯ: «ЗАМАНДЫ ҚАЙ ЖАН БИЛЕМЕК?»

## Предмет духовной гордости и аристократизма

**Каков он – путь великого Абая, личности космического масштаба, реформатора казахской литературы? Каковы его предтечи и условия его формирования? Какой вклад он внес в модернизацию своих современников? И как Мухтар Ауэзов воссоздавал историю его жизни на страницах своего эпохального романа? Ответить на эти вопросы мы попросили культуролога и общественного деятеля, Мурата Мухтаровича Ауэзова.**

**– Мурат Мухтарович, какой на ваш взгляд Путь Абая – воспринятый его современниками или не понятый ими?**

– Прекрасно понятый! Он был гроссмейстер просвещения. Стремился к тому, чтобы его услышали. И это ему удалось. Вся степь полюбила его песни, стихи, россыпи его сокровенных мыслей о судьбе своего народа.

**– Кем он был для казахов?**

– Я убежден, что Абай был спасителем казахского народа. Немного предыстории. Абай жил во второй половине 19-го – начале 20 вв. Это время можно было бы назвать прощальным балом конно-кочевой цивилизации. Ве– на запад, восток, север или юг, какие-то люди роют ему могилу. В этих преданиях говорится о том, что катастрофически сжимается пространство степи.

Или легенды об Асанкайгы (печальный), который садится на верблюдицу и проводит своего рода «кадастровый обзор» казахских земель, которые сжимаются, как шагреневая кожа.

О том же говорит воин и поэт XVI века Доспамбет. Он восхищается красотой родной земли, но пишет так, как будто видит этот ускользающий мир своей родины в последний раз.

Все это истоки Абая.

Его предшественники думали



ликие поэты, певцы, музыканты, героические личности, отдавшие свои жизни защите родины. Провидцы, понимавшие неотвратимость трагических потрясений, предвещавшие наступление апокалиптических времён.

Абай был дарован Судьбой, чтобы в этой атмосфере наступающего лихолетья вернуть народу веру в будущее, способность защищать свою свободу.

**– Как вы думаете, Абай был больше скептиком, реалистом или идеалистом? Какое наследие он заимствует у устных поэтов степи?**

– Абай не мог позволить себе роскоши быть скептиком или идеалистом, потому что жестко стоял вопрос быть или не быть его народу. Он, конечно же, реалист. Казахский язык, фольклор, песни и этот полынный запах родной земли – все это в нем жило органично. И над всем этим нависла угроза исчезновения. Абай ощущал это не менее остро, чем его предшественники – люди «Зар-Замана».

Зарзаман, Лихолетье (скорбные времена) – период ликвидации царским правительством ханской власти в 19 в., после введения в 1867-1868 «Положения об управлении казахами» и установления на его основе нового порядка. В связи с отменой ханской власти, были утеряны основные устои, на которых держалось традиционное казахское общество. Получило название по песне-толгау "Зарзаман" акына Шортанбая Канайулы. Позднее возникло литературное течение «Зарзаман», нашедшее отражение в творчестве Дулата Бабатайулы, Шортанбая Канайулы, Мурата Монкеулы, Абубакира Кердери и др. Основная тема их творчества – протест против экономической, политической, культурной колонизации Российской империей Казахской степи.

С их преданиями о Коркуте, которому куда бы он не поехал о том, что делать? Кто-то из них был мечтателем, идеалистом, кто-то пессимистом. Абай разделял тревогу своих предшественников, искавших пути в будущее. Его гениальность состояла в том, что он эти пути нашёл.

**– Какие методы он применял для осуществления своей цели?**

– Абай изучил суфизм и его технологию захвата сознания и души потенциального прозелита. Для этого у него были великолепные возможности. В свое время пятнадцать семей кожа (суфиев) из Туркестана переселились в Чингизские горы.

Они принадлежали к суфийским орденам, которые в условиях растущей экспансии Запада покидали родные дома, чтобы поддержать колонизированные народы. Они шли во всеоружии Веры и священных текстов, которые создавались во времена мусульманского ренессанса X-XI веков. Их знаниями овладевал Абай. Он уверенно оперирует именами античных и восточных мыслителей. Берет на вооружение то, что было наработано в блистательную караханидскую эпоху (942-1210 гг.).

Конечно, караханидская эпоха – это и Ахмед Ясави, который пытается соединить канонический ислам со степным традиционным мировоззрением кочевников – тенгрианством.

Ясави показал, что из драматических ситуаций можно найти выход с помощью знаний. Он возвысил категорию «Учитель-Ученик». Для формирования нового сознания. Ему принадлежит заслуга трансформации канонического ислама в степной.

Так же, как его великий предшественник, Абай стремился овладеть новым знанием. Судьба предоставила ему прекрасные для этого возможности – города Прииртышья с их библиотеками, высокообразованными людьми из числа ссыльной российской интеллигенции.

Абай, слово которого обретает все больший вес, обращается к казахам отдавать своих детей в школы. И степь отзывается на его призыв. Нашлись меценаты, открылись школы в Баянауле, в Семиречье.

Лучшие из учеников этих школ продолжали обучение в Москве и Санкт-Петербурге. Они получили блестящее образование. Именно они впоследствии создали партию «Алаш». Алашординцы – птенцы гнезда Абая.

У хана Кенесары не получилось собрать воедино казахов, а у Абая – получилось. Он открыл казахам, с их Тіл, Діл, Дін, путь в XX в.

**– В чем, на ваш взгляд, философская мысль Абая?**

– Как можно назвать философию, которая формирует новую действительность? Он – своего рода духовный Чингизхан, объединивший Степь и придавший ей жизнеспособность.

**– Почему именно он ассоциируется у нас с казахскостью?**

– Абай – казах № 1, потому что из своего народа он сотворил нацию.

**– «Слова Назидания» – есть ли такой аналог у других родственных народов?**

– Каждый народ, дошедший до XX в., имел своего Абая. При наличии у родственного казахам народа – джунгар, воинственного и одаренного, такой же личности как Абай, они сохранились бы в истории.

**– Почему Абай берет на себя дидактизм, патернализм?**

– Абай не был моралистом. И он не назидатель. Дух его произведений иной. То, что он говорит и пишет, это кровь, бьющая из вен. Абай сложнее и глубже того, что о нем говорят литературоведы. Временами он жесток в отношении к своим казахам, но эта жёсткость во благо. Это взыскательность командира, требующего от солдата дисциплины, подтянутости, умения побеждать.

Его взгляд проницателен, он видит увядание и тлен распадающегося мира, и пытается с этим что-то сделать.

«Кара создер» – это черным по белому россыпи слов-афоризмов, в которых предстает перед нами размышляющий и терзающийся мыслитель. Он не ставит целью кого-то чему-то научить, он призывает к поискам.

**– Какие другие темы пересекаются в творчестве Абая, которые менее известны широкой публике?**

– Я не стал бы это вычленять. Он вдохнул душу и веру в казахское самосознание. «Хак» – истина, которая для него имеет огромное значение. Абай человек подлинного ренессанса. Его главной темой и миссией была модернизация сознания своего народа.

**– Мурат Мухтарович, Ваш отец написал поистине великий труд, который называется «Путь Абая», как выстраивался путь Абая у Мухтара Ауэзова? С чем были сложности?**

– Писать об Абае было рискованно. По сути, он его возрождал из пепла. Но это был завет расстрелянных аллашардинцев, которые назвали Абая своим духовным вождём. Одной из сложностей была безжалостная цензура.

В частности, в романе «Путь Абая» из текста Мухтара Ауэзова цензоры удалили 70 страниц, где описывается, как жена Кунанбая – Улжан провожает его в Мекку. В этом эпизоде показаны мудрость и человечность Кунанбая. Без этих страниц его образ обеднел, став для читателей однозначно негативным.

В 1930-е и 1932-е гг. писатель отсидел в тюрьме. У себя на родине он всегда был под прицелом. В 1951 г. бежал из Казахстана, потому что уже был выписан ордер на его арест. Есть стенограммы, где наша гуманитарная общественность в стенах Академии Наук обвинила Мухтара Ауэзова в увлечении архаикой и национализме.

В Москве нашлись деятели культуры, которые его поддержали. Это поэт Константин Симонов и историк Бабаджан Гафуров, который был первым секретарем ЦК компартии Таджикистана в те годы и Сталин к нему хорошо относился. Удар от Мухтара Ауэзова был отведен. На филфаке МГУ открыли кафедру литературы народов СССР, где он читал лекции по литературам тюркских народов.

**– Расскажите о переводах романа, почему для нового перевода выбор пал на Анатолия Кима?**

– Анатолий Ким – большой писатель. С ним я познакомился в 80-х, когда работал на киностудии «Казахфильм». Он перевёл роман Абдижамила Нурпеисова «Последний долг» и рассказы Абиша Кекильбаева.

О том, что требуется новый перевод «Пути Абая», не раз говорили Герольд Бельгер и Абдижамил Нурпеисов. В 50-е гг. ситуация требовала скорейшего перевода романа на русский язык. Над переводом работали несколько человек. Т.Нуртазин, Анна Никольская и Леонид Соболев. Можно сказать, работали методом бригадного подряда. В таких условиях, конечно, невозможно было сохранить и передать художественные достоинства этого грандиозного эпического произведения, в котором запечатлен ушедший в небытие кочевой мир. Это произведение очень кинематографично, что отметили такие режиссеры, как Булат Мансуров и Толомуш Океев. И это не случайно. Кино, как новый вид искусства. Приезд Сергея Эйзенштейна в Алма-Ату не мог не сказаться на творчестве Мухтара Ауэзова. Он сам пробовал себя в кинодраматургии.

В работе над переводом Анатолию Киму помогали три человека, которые обеспечили ему прекрасный подстрочный перевод. Это – Кайсар Жорабеков и Мырзахан Тнимов. И, конечно же, Герольд Бельгер, знавший казахский, как родной, который скрупулёзно сверял перевод Кима с оригиналом и предыдущими переводами. В ходе работы он высказал ему свои корректные и уместные замечания, которые впоследствии были учтены переводчиком. Герольд Карлович написал целую книгу об этом переводе А.Кима.

**– Как вы думаете, какое альтернативное название могло быть у этого романа?**

– Я думаю, что не бывает сослагательных наклонений не только в истории, но и в названиях шедевров мировой литературы. Ну как мы бы назвали по-другому «Тихий Дон» или «Прощай, оружие»?

**– Какой художественный образ у Абая у вас самый любимый, стихотворение или четверостишие?**

– Мне очень нравится эти Абаевские строки о времени:

Тотықұс түсті көбелек
Жаз сайларда гулемек.
Бәйшешек солмақ, күйремек,
Көбелек өлмек, сиремек.
Адамзатқа не керек:
Сүймек, сезбек, кейімек,
Харекет қылмақ, жүгірмек,
Ақыл мен ойлап сөйлемек.
Әркімді заман сүйремек,
Заманды қай жан билемек?
Заманға жаман күйлемек,
Замана оны илемек.

**Зитта СУЛТАНБАЕВА**

# ОТКУДА У КАЗАХОВ СТОЛЬКО ЗЕМЛИ?



**Казахстан в начале XX в. мог стать центром зарождения геополитического проекта, стремительно превращаясь в место притяжения тюркского мира. Но Москва не могла этого допустить. Блестящий замысел алашординцев должен был реализовать Сакен Сейфуллин, первый руководитель Казахстана и ставленник Ахмета Байтурсынова. Но конфликт Сталина и Троцкого стал первым ударом в хронике уничтожения казахской интеллигенции. Марат Абсеметов, доктор исторических наук, рассказал exclusive.kz сенсационные факты о жизни Сакена Сейфуллина, которые полностью меняют представление о фигуре этого выдающегося политического деятеля и его соратников алашординцев.**

**- В 1922 г., когда Сакену Сейфуллину было всего 28 лет, он стал председателем совета народных комиссаров. Скажите, чем был обусловлен именно его выбор на эту позицию?**

- Он должен был стать председателем совнаркома еще ранее, в 1920 г.. Уже тогда он был известен тем, что выжил в вагонах смерти у Анненкова, побывал в плену у Колчака, написал ряд литературных произведений, был участником первого съезда народных комиссаров в качестве зампредседателя Наркомпроса у Ахмета Байтурсынова.

Уже тогда Байтурсынов настойчиво рекомендовал ему стать руководителем государства, и только заручившись благословлением «Учителя нации», он дал согласие, став председателем Совнаркома. И первое, с чего он начал – расширение территории Казахстана. Как вы помните, столицей тогда был Оренбург. Республика состояла из Атырауской, Уральской, части Актюбинской и Мангыстауской областей. Северный, центральный и восточный Казахстан был территорией Западной Сибири, а Алматинская, Шымкентская, Жамбылская, Кызылординская области относились к Туркестану...

**- Но не многие сейчас знают о том, что именно эта блестящая группа, состоящая из С.Сейфуллина, А. Байтурсынова, М. Дулатова, М.Шокая и их соратников, добилась того, чтобы территория Казахстана выросла более чем на треть...**

- В свое время это была мечта Шокана Уалиханова. Он тесно общался с Григорием Потаниным, аксакалом «Алаш Орды», а тот, в свою очередь с Семеном Тянь-Шаньским. В 1903 г. в Санкт-Петербурге «Императорское русское географическое общество» выпустило фундаментальный труд – большую энциклопедию «Киргизский край» – плод самых известных академиков. Туда вошли все наши карты старинные, история, экономика, статистика и самое главное – реальные границы наших территорий. И уже в 1905 г. первые депутаты Госдумы, тот же Алихан Бокейханов, Ахмет Биримжанов, Мухамеджан Тынышбаев, выступили с высокой трибуны с заявлением о казахской территории.

У Магжана Жумабаева есть такие хорошие строки «Толкын толкынды куады». И вот волна за волной, «дух свободы», заложенный ханом Кенесары, подхватили Абай, Шокан, новая наша плеяда Бокейханова, Байтурсынова, а за ними С.Сейфуллин, позднее Санжар Аспандияров, Ильяс Жансугуров, Турар Рыскулов, Султанбек Ходжанов. Они с честью выполнили эту неимоверно трудную в тех условиях задачу, заложив фундамент государственности Казахстана.

Итак, Сейфуллин начал создавать первое правительство. Он пригласил Мажита Жумбалова (легенда медицины Казахстана), Ахмета Биримжанова, депутата первой и второй Госдумы, Ныгмета Нурмакова, который после него стал председателем Совнаркома и других ярчайших людей того времени.

В это же время Сакен инициировал создание Казахского института народного образования, где начала формироваться новая мощная волна казахской интеллигенции, многие из которых были ядром Алаш Орды и уже тогда преследовались властями. С его стороны это требовало большого мужества.



**- Т.е. уже тогда принадлежность к Алаш Орде была токсичной?**

- Более того, «Алаш Орду» хотели физически уничтожить еще в 1919 г., когда шли их вооруженные конфликты с частями Красной Армии в Костанае, под Семипалатинском... Но вот происходит знаменитая встреча Алиби Джангильдина с Ахметом Байтурсыновым и Мыржакыпом Дулатовым. По законам того времени Алиби должен был их расстрелять, но вместо этого он дает возможность Байтурсынову пройти к Ленину и 4 марта 1919 г. «Алаш Орда» не просто реабилитирована, но получает от Центрального исполнительного комитета ленинский мандат. Это был мандат доверия казахскому народу, казахской интеллигенции в лице Байтурсынова. Ленин был умнейшим человеком того времени, они поняли друг друга.

**- Судя по вашим словам, у них были разные взгляды, но у них была единая цель. Что их, в конечном счете, объединяло?**

- Байтурсынов мечтал о создании Алашской автономии, пусть пока в рамках Российской империи.

Мустафа Шокай видел Туркестанское государство, он хотел объединить тюркские народы, а Сакен Сейфуллин мечтал создать республику, равноправную в рамках союза социалистических республик.

Да, у них были разные пути, но мечта была одна – принести свободу и независимость казахскому народу и каждое поколение с честью справилось со своей задачей.

Я даже больше скажу: Сейфуллин не просто был связан с Алаш Ордой, но каждый раз это подчеркивал, рискуя быть обвиненным в национализме, что, собственно, позже и случилось.

**- Из архивов следует, что Турар Рыскулов в 1924 г. убедил Сейфуллина написать письмо Сталину, которое некоторые историки называют чуть ли не доносом на алашординцев. Зачем он его написал?**

- Это письмо было опубликовано в этом году в казахстанской прессе на казахском языке. Якобы оригинал этого письма находиться в архиве президента РК. Но есть вопросы к его подлинности. Дело в том, что это письмо напечатано на современной машинке, а не машинке 30-х гг., а это уже другой шрифт. Это во-первых. Во-вторых, в этом письме нет подписи Сейфуллина, а в-третьих, публикации вышли в переводе на казахский язык. Поэтому, очень велика вероятность, что оно было сфабриковано. Я могу утверждать это с большим основанием, поскольку моя диссертация была по Алаш Орде, и мне приходилось просмотреть сотни дел. Например, протоколы допросов тех же Дулатова или Байтурсынова значительно меняются в зависимости от следователя, меняются и сами показания, даже подчерк разный, при чем на одну и ту же тему. Кроме того, когда Сакена арестовали, конфисковали много рукописей. Мне посчастливилось практически все их просмотреть, поэтому, возможно, это был один из черновиков. Почему? Потому что в московских архивах этого письма нет, иначе оно должно было быть зафиксировано.

Таким образом, оно либо сфальсифицировано, либо является черновиком.

Это было очень смутное время, когда каждый человек рано или поздно сомневался в том, что он делает действительно правильный выбор. Например, тот же Абдрахман Байдильдин служил сначала у Колчака, а потом уже был в советских органах. Возможно, и Сакен, который прошел испытание колчаковской тюрьмой, поменял мнение, хотя он был делегатом двух Алашординских съездов. Возможно, это письмо – плод его раздумий, но он никуда его не отправлял. Правда, есть письмо Троцкого, в котором он пишет коллеге, что приходили два деятеля, возможно, он имел в виду Садвакасова и Сейфуллинна. Но в нем говорится совершенно о другом – как он играл с ними в шахматы, и они посетовали, что центр давит на руководителей молодой республики, на казахов, выдавливая национальный дух.

Поэтому у меня большие сомнения в том, что такое письмо могло быть в принципе – не тот это человек. На последнем допросе он говорит: «Я перед богом прошу прощения, что оговорил Галину Серебрякову». Такое мог сказать только человек с чистой совестью.

Сегодня нам легко генерировать версии о том, как все было. Но в истории не бывает сослагательного наклонения. Поэтому уважаемые оппоненты пусть покажут мне это письмо, и мы продолжим дискуссию. Знаете ли вы, сколько было жалоб, когда Сейфуллин и остальные были реабилитированы? Дескать, зачем вы это сделали?

Я 7 лет был генеральным директором национального архива Казахстана. Мне посчастливилось побывать в 20 архивах государств мира, поэтому я смотрю только на факты, а не домыслы. Знаете ли вы, сколько есть поддельных писем от имени Байтурсынова, Бокейхана и др.? Уже тогда мощный репрессивный аппарат работал не только на выявление лидеров, но и их дискредитацию. К сожалению, эти традиции живы до сих пор. Еще задолго до советской власти царская охранка ввела в традицию доносы со стороны родственников, поощряя для этого даже некоторые браки.

Зачем мы так рьяно стараемся очернить наших деятелей? Кто готов взять на себя эту ответственность – судить своих предков? И нужно ли это обществу? Правда в том, что это самый простой способ унизить наше поколение. Нам же важно беречь память о тех, кто стоял у истоков нашей государственности. Сейфуллин работал на Советскую власть, и ею же был уничтожен.

А знаете ли вы, что Беловежское соглашение, подписанное в 1991 г. тремя президентами, разрушили союзный договор 1922 г., в котором Сейфуллин принимал самое активное участие. В нем содержалась принципиальная вещь – право наций на самоопределение!

В свои 28 лет Сакен сделал то, что не под силу многим более зрелым политикам. Про него можно сказать так: он оказался в нужное время, нужном месте.

Наша интеллигенция в каждом моменте истории выполняла свою роль с блеском. И на кону были не амбиции, а их жизнь. Эта страница нашей истории только начала приоткрываться и еще предстоит немало открытий.

**- Давайте поговорим про его роман «Тернистый путь». В свое время именно из-за него Сакена объявили антисоветчиком и в тоже время есть некоторые люди, назвавшие «Тернистый путь» настольной книгой НКВД, называя ее «литературным доносом» Сейфуллина.**

- Настольной книгой НКВД были книги про Алаш Орду со всеми документами и выкладками – это был целый ряд авторов, исследовавших газету «Казах», переписку с адмиралом Калчаком, другие документы.

Надо понимать, что Советская власть расценивала Алаш Орду как идейных противников. Они насаждали мнение о том, что у казахов не было никакой силы, не было Алаш Орды, не было интеллигенции. Но Сакен своей книгой показал, что все это не только было, но и имело огромное влияние на казахов. В тех условиях он специально применил такую литературную форму, якобы полемизируя с ними. Он в принципе доказал, что была такая мощнейшая сила, с которой они могли создать свое национальное государство и которая составляла серьезную конкуренцию Советской власти.

И буквально осенью 1937 г. состоятся пленум Союза писателей Казахстана, на которой вынесен вердикт: изъять «Тернистый путь» из библиотек, запретить ее как вредную, националистическую. В подтверждение тому есть немало документов. И это уже показатель роли этой книги.

*Редакция Exclusive*

# ЕРЛІГІ МЕН ЕРЕН ЕҢБЕГІ ЕЛ ЕСІНДЕ



**Екінші дүние жүзілік соғыстың қайғысы мен қасіреті, Еуропа, Азия халықтарының жүректеріне мәңгілікке жара салды десек артық айтпаған болармыз. Соңғы жылдары осы жаһандық соғыс тақырыбына ойысқан зерттеушілеріміз, бұрын-соңды ешжерде жазылмаған, не болмаса айтылмаған тың деректерді жарыққа шығара бастады. Тарихымызды таразылап, ескерілмей қалған ер есімдерін бүгінгі ұрпаққа жеткізу жауапкершілігі мол, маңызды міндет.**

Заманында тапсырмамен жазылған немесе айтылған мәліметтерден қателескен тұстары бар шығар, ал бірақ та майданға қатынасып, сол кездегі түсінік бойынша отанды қарғау, қатардағы жауынгерлердің борышы болғаны шындық. Сол соғыстан қайтпағаны, тірі оралғаны бар, бәрі де сол сұрапыл кезеңнің куәгері, тіпті, кейіпкерлері екені рас. Тарихты зерттеушілер, атаусыз қалған сардарлар мен сарбаздардың отан алдындағы ерен еңбектері мен ерліктерін өздеріне қайтарса екен деген ойдамыз. Еліміз Тәуелсіздік алғаннан бері тарих қойнауына еніп, өшуге айналған, болмаса мүлде іздеусіз қалған тарихи тұлғалар зерттеп-зерделеніп, қайтадан ұрпақтарымен қауышуда. Бұл маңызды істі атқару аруақ алдындағы өскелең ұрпақтың міндеті дер едік. Биыл соғыстың аяқталғанына 75 жыл толып отыр.

Осындай бір ерліктің иесі – Ахатаев Рахым. Бабаларының туып-өсіп, қанат жайған өлкелері Сыр бойындағы Шиелі қыстағының айналасы екен. Рахым, соғысқа Самарқан қаласынан аттанып ты. Ұрпақтарының айтуына қарағанда, Совет өкіметі орнап, одан кейін елде конфискация мен ашаршылық басталған кезде, бір рулы ел жанбағыс қамымен ұрпақтарын аман сақтап қалу үшін амалдың жоқтығынан Өзбекстанға қоныс аударған.Сондай алмағайып заманда Рахым, әкесінен 3, шешесінен 13 жасында жетім қалыпты. Артынан ерген жалғыз тұяқ Бидан атты інісі болған, жанынан тастамай, оқуға да, еңбекке де баулып өсірген екен. Қазақта айтылатын,«Басқа түссе баспақшыл» демекші, жас бала керуеншілерге көмекші болып, «түйекеш» бала атаныпты. Негізгі жұмысы өздерінің маңдай терімен өсірген күріш, бидай, тары, арпа сияқты өнімдерін түйемен Аралға тасып, ол жақтан бері қарай тұз әкеліп, жан бағыпты.

Мектеп табалдырығын аттағанда, өзінің зеректігінің арқасында барлық сабақты жақсы меңгеріп, кейін өзі оқыған мектептің директорлық қызметіне дейін көтеріліпті. Ол заманда директор деген атағы болмаса, оқушыларға сабақ та береді, мектептің қара жұмысын да өздері атқаратын болған. Осылай өмір жолын бастаған екен. Сонымен,1939 жылы азаматтық борышын өтеуге үш жылдық мерзімге әскери қызметке аттанады. Борышын абыроймен өтеп жүрген жігерлі жас әскерлік өмірге төселіп, оның қыр-сырын тез меңгерген-ді. Алыстағы туған жеріме аман-есен оралсам, ағайын туыстарыммен табысып, өзінен кейінгі інісі Биданды үлкен мамандықтың иесі болуына бар күшімді салам деген асыл арманын,1941 жылы 22 маусымда кенеттен басталған Ұлы Отан соғысы бірнеше жылға ұмыттырды.

Рахым Ахатаев осы соғыстың басынан аяғына дейін толық қатынасқан жауынгерлердің бірі. Алғаш 698 атқыштар полкінде сапер-минометші болса, соғыстың соңына дейін Белоруссия майданында 271 атқыштар дивизиясының құрамында соғысты. Бұл кісінің ең үлкен ерлік көрсеткен жері Шығыс Пруссия майданында Кенинсбергті алудағы ерлігі. Тарихи деректердің келтіруі бойынша Кенинсберг 1945 жылдың сәуір айының соңына таман ғана совет әскерлерінің қолына өтеді. Екі жақтан да үлкен шығынға ұшыраған, қырғынкезінде кеудесінің жоғары жақ тұсынан оқ тиіп, ауыр жарақат алған, соның салдарынан есту қабілеті нашарлап, әскери госпитальға түсіпті. Балаларына айтып отырады екен, оқтимегенде Берлинге дейін барып, ту тіккендердің қатарында менде болар едім деп. Тек қана емделіп сақайып қатарға қосылғаннан кейін, 1947 жылы әскер қатарынан босап, елге оралады. Көрсеткен ерлігі үшін көптеген марапаттарға ие болған.Соғыстан келгеннен соң, ағайын туыстарымен қауышып, бір жылдай ел ішінде болады. Бауырларының жергілікті өзбектерден біреңсаран қысым көргенін естіп, ағайындарымен ақылдаса келе,1948 жылы байырғы атабабасының мекеніне, дәлірек айтсақ Қазақстанның Шымкент облысы Киров ауданына (қазір Жетісай ауданы) қарасты «Октябрьдың 30 жылдығы» атындағы совхозға қоныс аударыпты. Ол уақытта бұл жаңадан құрылып жатқан шаруашылық екен. Сол жаңа ұжымның қатарға қосылып кетуіне, бір кісідей атсалысады.

Бұл жаққа келгеннен соң, алғаш өрт қауіпсіздігі қызметін басқарып, одан кейін комендант болып қызмет істепті. Сол жылдары,«Киров каналын» қазу қолға алынады. Ол кезде техника деген жоқтың қасы, көптеген жұмыстар қолмен атқарылатын. Рахым Ахатаев бұл үлкен іске де өз үлесін қосады. Ауыл шаруашылығымен айналысатын ауыл үшін судың орны бөлек, аса қажет екені белгілі.

1955 жылы «Ворошилов» атындағы мектепте тарих пәнінен сабақ беріп, кейін 1956-83 жылдар аралығында Н.Крупская атындағы орта мектепте мұғалім, кітапханашы, шаруашылық меңгерушісі дегендей қызметтерді бірге алып жүрген. Соғыста алған жарақатына байланысты өмірлік мүгедектікке шығаруға апарғанда келісімін бермепті. «Соғыстан аман келіп, мүгедекпін деу жігітке жараспайды» – деп, тек қана жас ұлғайған шағында есту қабілеті төмендеген соң ғана келісімін берген екен.

«Жақсы адам қартайса, жазылып қойған хатпен тең» – демекші, ақыл берер ауыл ақсақалдарының көшбастаушысы, тік мінезді, от ауызды, орақ тілді, елі мен жері үшін от пен суға түсіп жүрген – тіршілікте мұндай ерекше тұлғалардың қадіріне жете бағалай алмай жататанымыз жасырын емес. Ағайын-туыс арасындағы реніш жағдайлар болса осы кісіге жүгініп, шешімін де айтып, татуластырып отырушы еді» – деп еске алады 62 жастағы баласы Айдархан. Қазақ халқының фольклорындағы жыр-дастандардың бірazын жатқа айтады екен.

Өмірлік жары Мариямхан әже бүгінгі танда 98 жаста – еңбек ардагері, тыл қызметкері, алтын алқа иегері. Сыр өңірінің қызы Мариямхан мен Рахым Ахатайұлы Аманкелді, Жұпаргүл, Сапаркүл, Айдархан, Асылхан, Қалампыр, Рәзия атты ұл-қыздар тәрбиелеп өсірген. Барлығы да жақсы оқыған, ел ісіне, еңбекке ерте араласқан. Өнегелі ата-анадан тараған ұрпақтары да ауыл, аудан, облыс көлемінде абыройлы азаматтар.

«Адам ұрпағымен мың жасайды» – демекші, 30 немере, 37 шөбере көрген «Мен бақытты жанмын – соғыстан аман оралдым, ұрпақ сүйдім», – деп үнемі айтып жүреді екен.

Аптал азамат 1998 жылы 82 жасында өмірден өтті.Ахатайұлы Рахымның шыққан тегі де осалдан емес, Қыпшақ тайпасының Шашты, оның ішінде Шегір атасынан. Бұл атадан қазақ тарихындағы көрнекті тұлғалар Иманжүсіп, қоқандықтарға қарсы соғыстардың бірінде қайтыс болған Тұрғанбай датқа, оның баласы Құтпан Кенесары Қасымовтың жақтасы. Міне, осындай тарихи тұлғалардың ұрпағы болып келеді.Рахымды көзі көрген, ол кісінің шарапаты тиген, жас ұрпақты тәрбиелеуде сіңірген еңбегін ешкім де жоққа шығара алмайды. Қиын-қыстау замандардың куәсі болған, соғыс ардагері Ахатайұлы Рахымға ауылында бір көшенің атын берсек деген ел-жұрттың аманаты бар екен. Ұсынысты жергілікті атқарушы билік пен аудандық мәслихаттың депутаттары және ономостикалық комиссия өз назарына алса екен дейміз. Өйткені, Рахыммен бірге қызметтес болған, жақсылығын көрге,азаматтығын білетіндердің біртіндеп азайып бара жатқандығы алаңдатады. Осындай ойларын бір топ ауыл тұрғындары айтып отыр. Несі бар, ер есімі ел есінде сақталуға тиісті, жергілікті билік те оған қарсы болмас деген үміттеміз. Ұлы Жеңіс жолында ерен ерліктің үлгісін көрсеткен майдангерлерімізді тек ғана атаулы күннің аясында ғана емес, үнемі жадымызда ұстай білу – әрбіріміздің азаматтық борышымыз деп білемін.

**Дүйсенбай СЫҒАЕВ,**
**тарихшы**

■ BILIM

# «OZATTAR» ҚАЙТА ОРАЛДЫ

Биыл «Ozattar энциклопедиясы» мекемесі екінші мәрте Ozattar – Қазақстан білім саласы үздіктерінің энциклопедиясын жарыққа шығармақшы. Осыдан 2 жыл бұрын елімізде тұңғыш рет тұсауы кесілген танымдық жоба талайды тәнті еткен еді. Олай айтуымыздың өз себебі бар. Білікті маман мен білгір жастың есімін елге танытқан аталмыш басылым бірден сұранысқа ие болды. Араға бір жыл салып өз жазылушысын тапқан жинақтың берері көп, көрсетері мол.

Республикадағы білім саласының дамуына зор үлес қосып жүрген үздіктердің есімдерін баспа өнімі ретінде жинақтау мақсатында шығарылатын энциклопедияға жалпы білім беретін мектеп және мектепке дейінгі білім беру ұйымдарының қызметкерлері мен мектеп оқушылары енгізілмек. Кітапқа еңбек өтілі 3 жылдан жоғары, яғни ұстаздық өмірге сіңісіп үлгерген, тәжірибелі, білім саласының озаттары ұсынылады. Бұл жобаның интернетте сайты бар. Сайт 2017 жылы Халықаралық «Жылдың үздік сапалы инновациялық жобасы» байқауында үздік деп танылған. 2019 жылы




ҚР Тұңғыш Президенті – Елбасы қорының «Ең үздік білім сайты» аталымының жеңімпазы атанды. Жинаққа шығарылған адамдарды сайтқа енгізу де жоспарланған.

Жобаның басты мақсаты – ұстаздардың мәртебесін көтеру, білімді азаматтарды насихаттау және оларға рухани қолдау көрсету.

Жобаның тағы бір жаңалығы барлық қатысушыларға «Ozat pedagog» және «Oqý ozaty» төсбелгісі сыйға беріледі. Бұл жеке тұлғаның жетістіктеріне берілетін баға есебінде қарастырылған сый. Энциклопедияға есімі енген статус иелері Ozattar.kz сайтына жарияланады.

Ozattar.kz – қызметіне адал қажырлы маман мен білуге әуес жалынды жастың басын қосатын рухани ошақ. Білім саласында биік белестерді бағындырған жеке тұлғанын жетістіктеріне жарнама. Оларға деген қоғамның көзқарасын оңалтып, абыройын арттырудың айшықты нұсқасы. Өсіп келе жатқан жас өскіннің жігерін шыңдауға, арман жолында аянбай жұмыс жасауға күш беретін құндылықтардың ордасы.

2020 жылы жарық көретін энциклопедияға өтініштер 10 сәуірге дейін ozattar.kz@mail.ru почтасына қабылданады. Толық ақпарат алу үшін байланыс номері: +7 700 6006 304.

**Суретші-баспагер, ұстаз Бейсен Серікбай алпыс жасқа толды.**
**Осыған орай , өзі қызмет ететін әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың ректорат фойесінде суретшінің үлкен көрмесі өтті. «Суретші, баспагер, дизайнер» атты осынау халықаралық іс-шара Т.Қожакеев атындағы мәжіліс залында «Қазіргі баспа ісі мен дизайн өнері» атты мәжіліске жалғасты. Алматы көркем-сурет училищесін, сондай-ақ Алматы мемлекеттік театр және көркем-сурет институтын (қазіргі Т.Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясы) «суретші-дизайнер» мамандығы бойынша бітірген Бейсен Серікбай өзінің осы саладағы қырық жылға таяу еңбек өтілінде мыңға жуық кітап безендірген екен.**




# КІТАП БЕЗЕНДІРУ ІСІНІҢ ҮЗДІГІ



Ол 1987 жылдан бері «Жазушы» баспасында көркемдеуші редактор, жетекші көркемдеуші редактор болып үзбей жиырма бес жыл суретші-дизайнерлік қызметтер атқарыпты. Білікті маман 1987-2005 жылдар аралығында «Жазушы» баспасынан жарық көрген мыңдаған көркем шығарма мен оқулықтың көркемдеуші редакторы ғана емес, олардың жоғары дәрежеде безендірілуіне, нақышы мен өрнегіне сүбелі еңбек сіңірген. Барлық республикалық баспалармен тығыз байланыста жүретін суретшінің көптеген дүниежүзілік, халықаралық, республикалық кітап көрмелеріне қатысып, жүлдегер атанғанын көреміз. Бейсен Фуатұлы Қазақстан Республикасы Мәдениет, ақпарат және спорт министрлігінің республикалық «Кітап – рухани азық» көрмесін өткізу жөніндегі комиссиясының 2005 жылғы 28 ақпандағы шешімімен «2004 жылдың үздік көркемдеуші редакторы» атанды.

Ол – 1992 жылдан бастап Қазақстан Дизайнерлер одағының мүшесі. 1999 жылдан Қазақстандағы графика саласы суретшілері ассоциациясының мүшесі. Алғашқы Дүниежүзі қазақтары құрылтайы төлтаңбасының авторы. Баспа саласында отыз жылдан артық уақыт қызмет етіп келе жатқан Бейсен Серікбай 1999 жылдан «Көркем» баспасының директоры болып қызмет атқарады. 2006 жылы «Баспа және полиграфия ісінің қайраткері» атағын, Алматы қаласы әкімінің «Мақтау грамотасын» иеленген. 2007 жылы ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігінің «Жылдың ең үздік кітабы» атты конкурсында 1 дәрежелі дипломмен марапатталған. 2013 жылы ҚР Ұлттық кітап палатасының «Кітап саласының дамуына, ғылым мен кітап мәдениетінің қалыптасуына қосқан елеулі үлесі үшін» Құрмет грамотасын алған. 2014 жылы И.Федоров атындағы МГУП сертификатын иеленді.

Баспагерлік-редакторлық және дизайнерлік өнер кафедрасы жанынан «Дизайн» мамандығын ашуға тікелей үлес қосқан білікті маман 2018 жылы «Дизайн» мамандығы бойынша магистратура бөлімінің ашылуына зор еңбек сіңірді.

Бейсен Фуатұлының жеке көрмесі Әл-Фарабидің 1150 жылдық және Абай Құнанбайұлының 175 жылдық мерейтойларының аясында өтті.

Іс-шараны өзі жүргізген журналистика факультетінің деканы Сағатбек Медеубекұлы жиылған көпшіліктің алдында Бейсен Фуатұлының кеудесіне «Ерен еңбегі үшін» медалін тағып, иығына қазақы дәстүр бойынша шапан жапты. Сондай-ақ жиын барысында Баспагерлік-редакторлық және дизайнерлік өнер кафедрасының меңгерушісі, ф.ғ.д., профессор Айгүл Рамазан, Еуразиялық Дизайнерлер одағының президенті Ермек Асылханов, Қазақстан Дизайнерлер одағының президенті Қамбар Көшеров, еліміздегі алдыңғы қатарлы баспалардың басшылары мен газет-журналдардың редакторлары, ҚР Ұлттық Мемлекетік кітап палатасының басшылығы да мерейтой иесін өз саласындағы жетістіктерін білдіретін арнайы медальмен, дипломдармен марапаттап, сый-сияпаттарын жасады.

Енді бір сәт көрме кезінде айтылған жекелеген лебіздерге кезек берейік.

**Сағатбек Медеубекұлы, ф.ғ.к., журналистика факультетінің деканы:**

– Біздің 85 жылдық тарихы бар Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің 1998 жылы журналистика факультеті жанынан ашылған Баспагерлік-редакторлық және дизайнерлік өнер кафедрасының бір уығы болып қадалып, оның шаңырағын биіктетіп келе жатқан Бейсен Серікбайдың еңбегі ерекше. Әуелде дизайн кафедрасын ашамыз дегенде бірге жүрдік, көп ақылдастық. Алматыдағы, Астанадағы түрлі жоғары оқу орындарына шапқылап бардық. Бұл, бір қарағанда, оңай нәрсе көрінгенімен өте күрделі жұмыс еді. Әсіресе, бүгінгідей бюрократтық, шенеуніктік өмірде кедергілер көп кездеседі екен. Сонда Бекең қара нардың жүгін көтеріп, осы бағытта зор қайрат көрсетті. Енді, міне, сол еңбектің жемісін көріп жатырмыз. Алғашқыда қиналғамызбен, төккен тер ақталды. Кейін кафедраға талантты, қабілетті шәкірттер көптеп тартыла бастады. Бұл кісі – нағыз ұлт патриоты. Әлеуметтік желі арқылы халықтық мүдде жолындағы көкейкесті ойларын батыл айтады. Өте шыншыл, ақиқатшыл жан. Мұның бәрі оның биік азаматтық болмысын айшықтайтын қасиеттер.

**Табылды Мұқат, суретші:**

– Бейсенді ертеден танимын. Артымыздан ерген ініміз үнемі жаңаша ізденіс үлгісін көрсетіп, өскелең талғамға сай, озық заман талабы негізіндегі бағытта батыл өзгерістер енгізіп келеді. Әсіресе, кейінде дизайн саласында айшықты қолтаңба қалыптастырғаны көңілге қуаныш ұялатады. Оның әрбір жұмысынан жаңаша мәнер, нәзік талғампаздық іздері анық байқалып тұрады.

**Нұрдәулет Ақыш, жазушы, ғалым:**

– Бейсенмен Дүниежүзі қазақтарының алғашқы Құрылатайы өткен сәттен бері жақсы таныспыз. Кейін онымен бірге осынау қоғамдық ұйымда қатар еңбек еттік. Суретшілік салада қырық жылдан бері жүрген Бейсен Серікбайдың қыруар қолтумалары бар. Бірақ, өкінішке қарай, соның бәрін халық тани бермейді. Бір ғана мысал айтсақ, Дүниежүзі қазақтары қауымдастығы эмблемасындағы шаңырақ бейнесінің авторы осы Бейсен бауырымыз екенін көпшілік біле қоймайды. Осындайда ойға оралады, сол конкурсқа жер-жерден небір нұсқалар келіп түсті. Бірақ ең үздік жоба ретінде осы Бейсен Фуатұлының жұмысы таңдалды. Былайша айтқанда, дүбірлі өнер додасында жас суретшінің таланты жарып шықты. О кезде бұл өз шаруасымен айналысып жүретін шағын ғана қарадомалақ жігіт еді. Өзіне кейбір қарындастарымыз қызыға қарап қоятыны есімізде. Сонда олар: «Мына жігіт сөйлемейтін адам ба? Ешкіммен жуыспайды ғой өзі!» – деуші еді. Біз: «Жоқ, ол сөйлейді. Оның қылқаламы сөйлейді!» – дейтінбіз. Мына көрмеденақ көрдік, безендірілген қаншама кітаптың әрқайсы үшін мол шығармашылық ізденіс қажет екені түсінікті. Әрбір графикада суретшінің айрықша мәнері жатыр. Бейсен реалистік бағытта да жұмыс істейді. Ол туындыларының арасында адамның қиялын қанаттандыратын, сезімін тербейтін, аяулы балалық шаққа жетелейтін немесе ауылға тартатын еңбектер де көп. Енді, міне, ол ұстаздық етіп жүр. Шәкірттері Бейсен ағаларына тартса, арман жоқ.

**Байбота Қошым-Ноғай, ақын:**

– Бейсен графикамен ертеден айналысты. Ол бағытта да мықты дүниелері көп. Ол кілең атақты ұстаздардан дәріс алды, мықты суретшілермен қанаттаса еңбек етті, небір дарынды қылқалам шеберлерінің арасында жүрді. Мыңдаған кітапты безендіру оңай іс емес. Бейсен менің бес кітабымды безендіріпті. Солардың әрқайсынан суретшінің саналуан қыры көрінеді. Ол автордың айтайын деген ойын кітаптың бетіне шығарады. Соларға қарап тұрып, белгілі кітаптің мазмұнын оқып тұрғандай әсерге бөленесіз. Бейсеннің суретшілік талантын содан-ақ көруге болады. Бейсеннің арғы атасы Құнанбай заманында би болған екен. Ойлап қарасақ, сондай асыл текті бабаларының қасиеттері осы бауырымыздың да бойынан табылатындай.

***

Кеш соңында Бейсен Серікбайдың өзі де бізге:

– Өзімнің отыз жылдан аса еңбегіме есеп бергендей осынау үлкен көрменің өтуіне айтарлықтай ықпал еткен әріптестерім мен аға-әпкелерім, іні-қарындастарыма шексіз алғыс сезімімді білдіремін. Өз басым көрменің жеке авторы ретінде ең алдымен қара шағырағымыз – ұлттық университет басшылығына, екіншіден, журналистика факультеті жетекшілеріне, үшіншіден, өзіміздің Баспагерлік-редакторлық және дизайнерлік өнер кафедрасының шексіз алғысымды білдіремін. Осындай іс-шаралар алдағы келешекте жастардың, дарынды шәкірттеріміздің де дамып, шыңдалуына, жан-жақты өсуіне ықпал ететініне кәміл сенімдімін. Біз өз жетістіктерімізге өзіміз ғана қанағаттанып қоймай, жасаған жұмыстарымызды, атқарған еңбегімізді елмен бөлісіп, жастарға үлгі етіп жариялап отырсақ, сонда еліміздің болашағы, мәдениеті, өнері дами түседі деген ойдамын, – деді.



**Құлан САҒАТҰЛЫ**

# ОТАРШЫЛДЫҚТЫ ДӘРІПТЕУГЕ ЖОЛ ЖОҚ!

**Ертістің Кереку өңірі әлімсақ заманынан бері атамекеніміз екені айдай ақиқат! Ғайса пайғамбар тумай тұрған дәуірдің өзінде біздің түпкі аталарымыз осынау өңірді жаз жайлады, қыс қыстады. Қазақ «қазақ» атанбаған кезеңде сақтар, ғұндар, түркілер, қимақтар, қыпшақтар дейтін атауларды иемденген арғы аталарымыз осынау өңірге қоныс салды, мал бақты, егін екті. Алтын орда, Ақ орда, Қазақ хандықтары заманындағы аталарымыз жасанып келген жаумен жан аямай шайқасып, Ертістің Кереку өңірін көздің қарашығындай қорғап бақты. Қолбасшыларыдың ат үстінде үзеңгіге шіреніп тұрып жеңіс туын желбіреткен кездері көп, баһадүрлердің бастары майдан даласында домалап қалған күндер де болды!**

Ақыры, XVIII ғасырдың алғашқы кезеңінде патшалық Ресей империясының мұздай қаруланған әскери экспедициялары Ертістің Кереку өңіріне еніп бекіністер сала бастады. Солардың бірі – 1716 жылы тұрғызылған Ямышев бекінісі болса, екіншісі 1720 жылы салынған Коряков Яр, Коряковский, Коряков деген атаулармен тарихқа енген форпост еді. (Бұл жерлердің көне атаулары Жәміш, Кереку жар екенін ғалымдарымыз дәлелдеген). Патша әскерлері кейін бекіністер шебін құрып, қазақтарды Ертіс бойынан біртіндеп ығыстырып шығарды! Отаршылдықтың осы өңірдегі ордасы сияқтанған Коряков форпосты кейін станицаға айналды, 1861 жылы патша жарлығымен қала мәртебесіне және Павлодар атауына ие болды.

Айтып, айтпай не керек, бабаларымыздың қанымен, әжелеріміздің көз жасымен суарылған киелі мекенде дәл қазіргі шақта өмір сүріп жатқан сіздер мен біздер «Бұл жер қазақтардікі емес, ежелгі орыс жерлері!» дейтін кераузыздарды өз көзімізбен көріп, сөздерін өз құлағымызбен естиміз деп ойладық па!

Атышулы тарихшы Марина Тереник ойдан шығарылған әлгі аңызды тарихи шындық есебінде жергілікті тәуелсіз орыстілді басылымдардың бірі «Новое время» оқтын-оқтын жариялап отырды. Сол жарияланымдар Славян мәдени орталығының демеушілігімен «Павлодар – Не Кереку» деген атпен кітап болып жарық көрді!

Павлодар қалалық мәслихатының хатшысы В.Н. Вихлянов пен Славян мәдени орталығының төрайымы Т.И.Кузина екеуі бірлесіп жазған мақалада бұл өңір Павлодар уезі атанып тұрған кезде Ресейдің Омбы губерниясына қарап еді, амал не, 1920 жылы Қырғыз Автономиялық Социалистік Кеңестік Республикасының құрамына қосылып кетті деген өкінішті ойларын жария етті («Павлодар или...», «Городская неделя» 13.07. 2005 ж.).

Павлодар География үйінің директоры Александр Вервекин «Білім және мәдениет» телеарнасының жүргізушісі Даниил Глумовтың Павлодар қаласында дайындаған «Неизвестный Казахстан» бағдарламасына қатысқанында бұдан ондаған мың жыл бұрын тіршілік еткен мамонттардың облыс аумағынан табылған қаңқа сүйектері мен патшалық кезеңнен қалған ғимараттар жайын тілі жеткенінше тәтпіштеп тұрып баяндады! Тек біздің бабаларымыз құрған қағанаттар мен хандықтар тарихынан бір-екі ауыз сөз айтуды көңілі хош көрмегені сезілді.

Сол А.Вервекин патша әскерлері бекіністерінің қалдықтарын іздестіріп, «Иртыш и его крепости» атты деректі фильм түсірді. Онымен тынбай, Ресейдің Орыс географиялық қоғамы Омбы аймақтық бөлімшесінің төрағасы Игорь Вяткинге ұсыныс жасап, «Бухгольц жолдарымен» атты экспедицияның ұйымдастырылуына бастамашылдық танытты. Нәтижесінде, Омбы айлағынан 35 адам мінген 5 желкенді қайық (яхта) Ертіс өзенімен жүзіп, сондай-ақ оларды қолдаушы топ мінген автожасақ «Омбы-Павлодар» тас жолымен жүріп отырып, Қазақстан Республикасының аумағына енді. Экспедицияның мақсаты: патша әскерлері бекіністерінің қиранды қалдықтарымен танысу, 1716 жылы И.Д.Бухгольц жасағы тұрғызған Ямышев бекінісінің орнында ескерткіш белгі орнату... Осылайша, олар Ертістің Кереку өңіріне қанды жорықпен келген жасақ тарихын біздің елде насихаттап, дәріптеуді көздеді!



Оқиғаның мән-жайын жете түсініп тұрып қалай үнсіз қалайық! «Ресейде қоғамдық ұйымдар 1382 жылы Мәскеуді жаулап алған Алтын Орданың билеушісін насихаттау мақсатында «Тоқтамыс хан жолдарымен» атты экспедиция ұйымдастыруды көздесе немесе 1812 жылы дәл солай Мәскеуді жаулаған Франция императоры ұлықтап, «Наполеон жолдарымен» атты экспедиция құруды жоспарласа губернаторлар құп көрер ме еді! Жалпы, Ресейде сепаратистік көзқарастағы қоғамдық белсенділер тарапынан ресми мемлекет тарихын бұрмалауға, Ресей Федерациясы аумағының тарихи-құқықтық негізділігін терістеу әрекеттеріне жол беріле ме?..» – деген ауыр сөздерді айтып, облыс басшылығын қатты сынадық! Сөйте тұра, әкімдікте отырған ақ жағалы ұлықтардың қандай да бір іс-әрекеттер жасайтынына сенбей, қоғам белсендісі Қайролла Кәженов екеуміз Старая Ямышева ауылына экспедициядан бұрын барып, жағдайды бақылауға алдық.

Әйтеуір, әлгілер Лебяжі ауданындағы Ескі Ямышев елдімекеніне бастапқыда жоспарланғанындай 5 желкенді қайықпен емес, бір микроавтобуспен және бірнеше жеңіл көлікпен барды. Ауыл тұрғындарымен кездесу барысында А. Вервекин және басқалар бастапқы райынан қайтып, Ертіс өңірінің экологиясын сауықтыру, өзен суын тиімді пайдалану, «Омбы-Павлодар» бағдарындағы кеме қатынасын реттеу, екі облыс арасындағы достық қарым-қатынасты нығайта түсу мәселелері жөнінде сөйледі... Менің пайымдауымша, бұл жайт әкімдіктің біздің жан айқайымызды дұрыс түсініп, кешірек болса да қажетті қорытынды шығаруының нәтижесі.

Дегенмен, бұдан біршама уақыт бұрын 2020 жылы ішкі, сыртқы саяси күштер, жергілікті патшашыл-кеңесшіл топтар Павлодар қаласының негізі қаланғанына 300 жыл толуын мереке ретінде тойлау мәселесін көтеретіні жөнінде жасаған болжамым шындыққа айналуда. Еске алатын жайт, олар 1990, 1995, 2000, 2005, 2010, 2015 жылдары Павлодардың 170, 175, 180, 185, 190, 195 жылдықтарын тойлау жөнінде облыс, қала әкімдіктеріне ұсыныс түсіріп отырды. Бірақ жергілікті мемлекетшіл азаматтар патша әскерлерінің қазақ жеріне басып кіріп, бекініс салғанын тойлау егемен елдік пен тәуелсіз мемлекеттілік қағидаттарына қарсы әрекет! – деген уәж айтып, БҰҰ тарапынан отаршылдықты қандай түрде болса да дәріптеуге тыйым салынғанын алға тартты.

Айтпақшы, Кеңес үкіметі кезеңінің өзінде Қаматай Батталов ақсақал бастаған бір топ соғыс және еңбек ардагері Павлодар қаласы партия комитеті ғимаратының алдына барып, патша бекінісінің 170 жылдығын мереке ретінде тойлауға рұқсат етілсе, наразылық шарасына шығатынын мәлімдеді! Абырой болғанда, сол кезде де, кейінгі кездерде де қала басшылығы ондай мерекенің өткізілуін қолдаған жоқ!

Естуімізше, қазіргі қала әкімдігі басшылығы патшашыл-кеңесшіл топтардың ынғайына жығылып, ішкі саясат бөліміне қаланың 300 жылдығын ұйымдастыруға тапсырма беріпті. Бұл сыбыс шындыққа негізделсе, облыс, қала басшыларынан мемлекеттік ұлттық саясатқа кереғар келетін, ұлтаралық шиеленіс тудыруы ықтимал шараны күн тәртібінен алып тастауын сұраймыз.

Өтінішіміз өтпеген жағдайда, біз, жергілікті мемлекетшіл азаматтар Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтің атына, Қазақстан Халқына Ашық хат жолдауға мәжбүр боламыз. Сөйтіп, жергілікті билікті бір кездегі Ресей патшалығының қазақ жерінде жүргізген отарлау саясатын дәріптейтін іс-шараларды жүзеге асыруды көздеп отыр деп айыптап, сенімсіздік білдіретінімізді жария етеміз. Мұның соңы наразылық шарасына ұласып кетуі ықтимал.

Шенеуніктеріміздің құлағына алтын сырға, алдыңғы жылы Семей қаласының әкімі Ермак Сәлімов пен халық қалаулылары 300 жылдықты тойлау мәселесін қарамай, тек қала күніне арналған мәдени шараларды мақұлдады.

**Арман ҚАНИ**
*Павлодар қаласы*

---

■ DÚNIE-KERÝEN



## АРЫС ХАЛҚЫНЫҢ АБЫЗ АҚСАҚАЛЫ ЕДІ

«Ақ жол» демократиялық партиясы Түркістан облыстық филиалының төрағасы Абзал Салықбаевтың атасы Арыс халқының абыз ақсақалына айналған Әуесхан қажы Салықбаев 91 жасқа қараған шағында фәниден бақиға аттанды. Сырдария мен Арыс өзенін тел емген қабырғалы қалың ел қашан да қазақ бүтіндігі мен бірлігі жолындағы күрестің алғы шебінен табылғаны белгілі. Бұл өңірде Алпамыс пен Қобыландының, Алатау батырдың, олардың ізбасарлары Жаманқара батырлардың тағы да басқа ондаған көсемдер мен шешендердің, билердің, батырлар мен ақындардың іздері сайрап жатыр. Осынау ерлік пен елдіктің сабақтастығы бүгінге дейін үзілмей келе жатқаны арыстықтар үлкен мақтаныш етеді. Арыстан шыққан бес бірдей Социалистік Еңбек Ерінің бірі Әуесхан Салықбаев сол ерлік дәстүрінің бірден бір үлгісі екені даусыз.

Ә.Салықбаев 1929 жылдың 20 мамырында Арыс қаласында дүниеге келген. 1944 жылы 20 мамырда 15 жасында Арыс стансасына қатардағы теміржолшы болып жұмысқа орналасты. Қызметтің барлық баспалдақтарынан өтті. Қатардағы вагон нөмірлеушіден Шымкент темір жол бөлімшесінің бастығына дейін жетті. Қазақстан Компартиясы Орталық комитетінің қаулысымен Қазақ ССР-нің Алтын кітабына енгізілді. 1959 жылы Қазақ КСР Жоғары Советіне депутат болып сайланды. Озат теміржолшы, еңбек ардагері. 1966 жылы оған Социалистік Еңбек Ері атағы беріліп, кеудесіне «Алтын жұлдыз» медалін қадады.

Арыс стансасы Әуесхан Салықбаев басқарған жылдары жоғары табыстарға жетіп, Одақтағы №1 сұрыптау «фабрикасына» айналды. Әсіресе, арыстықтарды сол кезде ауызсу мәселесі қинады. Әуесхан Салықбаев бастап, көпшілік қолдап, Арыс өзені жағасынан екінші су тарту стансасы салынды. Қаланы жаппай көріктендіру, көгалдандыру жұмысы қызу қолға алынды. Көптеген көпқабатты тұрғын үйлер, балалар бақшалары мен мектептер пайдалануға берілді. Арыс шипажайының іргетасы қаланды. Ә.Салықбаевтың теміржолшы ғана емес, құрылысшы ретіндегі де қолтаңбасы Арыс қаласының әрбір көшесінде сайрап жатыр десек артық айтқандық емес.

«Ақ жол» партиясының ұжымы Әуесхан Салықбаевтың отбасына, туғантуысқандарына қайғысына ортақтасып көңіл айтады. Жеті ұл-қыздың әкесі, өз әулетінің ғана емес арыстықтардың атасына айналған теміржол майталманы Әуесхан Салықбаевтың жатқан жері жайлы, топырағы торқа болып, иманы пейіште шалқысын.

**«Ақ жол» Қазақстан демократиялық партиясы**

---

Республикалық «Қазақ үні» газеті ұжымы «Ақ жол» Демократиялық партиясының Түркістан облысы филиалының төрағасы Абзал Салықбаевқа атасы, Социалистік Еңбек Ері **Әуесхан САЛЫҚБАЕВТЫҢ** қайтыс болуына байланысты, қайғысына ортақтасып көңіл айтады.

Құралай АҚҚОШҚАРОВА,
Қазақстан Республикасының Еңбек сіңірген қайраткері:

# Көктем мерекесімен құттықтаймын!

**– Құралай Ахметқызы, сіздің білімге деген құштарлығыңыз бала кезден зор екенін білеміз. Бір сәт сіздің жастық шағыңызға көз жүгіртсек...**

– Мен осы ару Алматыда дүниеге келдім. Өмірдің қызығы да, шыжығы да осы қаламен тығыз байланысты. Ал білімге деген құштарлық отбасындағы тәлім-тәрбиеден деп білемін.

Мен Алматыдағы №25 орта мектепті алтын медальмен бітірген түлектердің бірімін. Жоғары білімді қара шаңырақ – әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінде алдым. Таңдауым оқу орнының физика факультетіне түсті. Оқуда озат студент ретінде лениндік стипендиат атандым. Қоғамдық жұмыстардың да бел ортасынан табыла білдім. Университетте жүріп комсомол ұйымын басқардым, комсомол съездеріне делегат, республика комсомол Орталық Комитетіне мүше болып сайландым.



Үшінші курс оқып жүрген кезімде, яғни, сонау 1971 жылы Мәскеуде өткен студент жастардың бүкілодақтық 1-ші слетінің беделді жиынының Төрайымы болдым. Алқалы жиынның төрінде КПСС Орталық Комитетінің Бас Хатшысы Л.И.Брежневпен қатар отырып, шараның тізгінін қолға алып, атағынан ат үркетін әлемге әйгілі ғалымдар мен министрлерге сөз бердім.

Сол заманда он бес одақтас Республиканы қол астында ұстаған, СССР атты алып державадағы миллиондаған жастардың арасынан суырылып шығып, ауқымды жиынды басқарған маған Л.И.Брежневтің өзі шараның өте жоғары деңгейде өткенін айтып, арнайы алғысын білдіргені бар.

**– Қазақ ғылымының дамуына зор үлес қосқан нәзік жандыларымыздың бірі өзіңіз. Тарқатып айтып беріңізші, осы бағыттағы жұмыстарыңыз қалай бастау алды?**

– Жоғары оқу орнын тәмамдаған соң, Мәскеудегі СССР Ғылым академиясындағы А.А.Байков атындағы Металлургия институтының аспирантурасына түсіп, білімімді одан әрі жетілдірдім. Сол жылы профессор Кирилл Гуровтың жетекшілігімен Киев қаласында «Особенности взаимной диффузии в многофазных бинарных системах» атты тақырыптағы кандидаттық диссертация қорғауға қол жеткіздім. Осылайша басталған ғылымға деген құлшыныс одан әрі қарай сәт сайын дами түсті. Университет оқытушысы, деканның орынбасары, декан, кафедра меңгерушісі сынды қызметтік сатылардан өте отырып, ҚазҰУ-дың Ғылыми кеңесінің шешімімен «Университеттің Құрметті кафедра меңгерушісі» атағын иелендім.

Ғылыммен біте қайнасқан оқытушылық өмірімде «Молекулярная физика и термодинамика», «Механика» және Физика. Теория.Есептер. Сұрақтар. Оның шешудің жолдары» кітабы (Н.Қойшыбаевпен, бірігіп жазған) жарық көрді. Сонымен қатар, жүздеген ғылыми мақалалардың авторымын.

Еліміздің Білім және ғылым министрлігінің ұсынуымен жарыққа шыққан жоғары оқу орындарына түсуші талапкерлер мен студенттерге арналған кешенді оқу құралы физика саласындағы қазақ тілінде тұңғыш рет шыққан еңбек ретінде ерекшеленіп, жастардың игілігіне қызмет етуде. Қазақ ғылымының дамуына кәсіби маман ретінде қосып келе жатқан үлесім мені биік дәрежеге жеткізді. Қазақ Ұлттық инженерлік академиясының академигі, профессор атанып, ҚазҰУ-дың алтын медалі де кеудемізде жарқырап тұр. Мұның барлығы әлбетте, еселі еңбек пен осы жолда төгілген маңдай тердің жемісі деп білемін.

Ғылым жолындағы аздыкөпті еңбегімізді бағалап, әрі әйелдер мерекесі қарсаңында осыдан бес жыл бұрын Елбасымыз Н.Ә.Назарбаевпен кездескен сәтім де әлі күнге дейін есімде.

**– Ата-анаңыз да елі үшін еңбек еткен елеулі жандар екені белгілі. Ол кісілерден алған үлгі-өнегеңіз туралы да аз-кем сыр ақтарсаңыз?**

– Бүгінде қарап отырсам, ата-анам бойымызға тек қана ізгіліктің дәнін сеуіпті. Ол кісілер бізге «бұлай жасамаңдар» деген тыйымдарды көп айтпайтын. Өздерінің өмірдегі шынайы қалпымен-ақ балаларына үлгі көрсете білген жандар дер едім. Атап айтсам, менің әкем – Ахмет Аққошқаров СССР-дың шет ел істері министрлігінің Жоғары Дипломатиялық мектебін бітірген. Республикамыздың әртүрлі мемлекеттік салаларында жоғары лауазымды қызметтер атқарған. Анам – Патшайым Тәжібаева литология ғылымының негізін салған, Шығыс әйелдері арасында шыққан тұңғыш геология-минералогия ғылымдарының докторы, Ғылым Академиясының корреспондент-мүшесі академик, профессор. Ғылымға деген меңдегі құштарлық ананың қанымен дарыған десем артық айтқандық емес. Еңбекқорлықтың ерен үлгісін көрсетіп кеткен аяулы жандардың перзенті ретінде осынау үдеден шығуға бар күш-жігерімді сала білдім деп ойлаймын..

Ата-анамыз көзден кетсе де, көңілден кетпек емес. Ол кісілердің ерен еңбегін дәріптеу – перзенттік парызымыз.

Қазақ қыздарының ішіндегі тұңғыш геолог-ғалым Патшайым Тәжібаеваның 100 жылдық мерейтойы былтыр Алматының төрінде жиырма төрт елдің ғалымдарының қатысуымен өтті. Осынау шара аясында халықаралық ғылыми конференция өтіп, анамыз туралы жаңа кітаптың тұсауы кесілді.

Бүгінде Патшайым Тәжібаева атында Алматыда, Шымкентте, Қазығұрт ауданында көшелер бар. Түркістан облысында екі бірдей мектеп ғалым атында. Осыдан он жыл бұрын Төле би ауданында ғалымға ескерткіш қойылса, жақында Леңгір қаласындағы Патшайым Тәжібаева атындағы №3 мектеп ауласына ғалымның екінші ескерткіші қойылды.

**– Арқасүйер азаматының абыройы асқақ, беделінің биік болып, елінің шынайы ықыласына бөленуі – жұбайының қолдауының арқасында екендігі белгілі. Жазушы Сәбит Досановтың өміріндегі сіздің орныңыз қандай?**

– Сәбит Аймұханұлы менің Алладан кейінгі қолдаушым да, қорғаушым. Меніңше, кез-келген шығармашылық адамы қаншалықты талантты болса да, егер отбасындағы жай-күйі қалыпты болмаса, онда ол адамның қаламынан керемет туындылар туады деп айта алмаймын. Жалпы, бір-бірімізді түсініп білгендіктен, қиындықта жасымай, қуанышта тасымай, әрбір күнімізге шүкіршілік айтып өмір сүріп келе жатқан жайымыз бар.

**– Сәбит ағамыздың сізге жасайтын қандай сыйлықтары ерекше ұнайды?**

– Шын жүректен жасалған кез-келген сыйлық керемет емес пе?! Әрбір әйел затының гүлді көрсе, көңілі гүлдей жайнай түседі ғой. Сәбеңнің әрбір мерекеде маған сыйлайтын гүлдерін көргенде, қатты қуанамын.

**– Ұлағатты ұстаз, ардақты ана ретінде бүгінгі қыздарға қандай ақыл-кеңес айтқан болар едіңіз?**

– Бүгінде жас отбасылардың арасындағы ажырасу мәселесі мені қатты алаңдатады. Бұл тұрғыда біз ең алдымен, «Қызға қырық үйден тыйым» керектігін қыз баланың санасына сіңіріп өсіруіміз керек. Өмірлік серігің ең бастысы – адал, жауапкершілікті сезіне білсе жеткілікті. Ерлі-зайыптылардың арасында бір-біріне деген сенім отбасылық өмірдің баянды боларына ықпал етері анық. Жігіттеріміз қыздарды аялаcallа, қыздарымыз ерін ардақтаса, онда әрбір шаңырақта шаттық орнайтыны сөзсіз.

**– Аналар мерекесіне орай өзіңіздің ақжарма тілегіңізді де білдірсеңіз...**

– Барша аналарымызды, ақ жаулықты әжелерімізді, қаракөз қыздарымызды Аналар меркесімен шын жүректен құттықтаймын. Ана – тіршіліктің қайнар көзі, махаббаттың шуақ күні. Жер бетінде ананы ардақтамайтын халық жоқ. Бала өмірінің нәрі – ана сүті. Халқымыздың рухы, жаны болып табылатын тілдің де басқа емес «ана тілі» деп аталуы бекер емес. Бұл – ұлттың тілі, салт-дәстүрі, тарихы, әдебиеті мен мәдениеті жас ұрпақ бойына ана сүтімен дарытыны ана қадірінің айрықша екендігін айғақтап тұр. Аналарымыз жайнай берсін, жасай берсін!

**– Әңгімеңізге рахмет!**

**Сұхбаттасқан:**
**Гүлмира САДЫҚ**


## ҚАЗАҚТЫҢ МҰҢЫ МЕН ШЫНДЫҚТЫҢ ЖЫРЫ – «ҚАЗАҚ ҮНІ» ГАЗЕТІНЕ ЖАЗЫЛЫҢЫЗДАР!

**ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСІ – 65380**

***«Қазпошта» арқылы жазылу бағасы:***

| | | | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 ай | қала | 379,24 | 3 ай | қала | 1137,72 | 6 ай | қала | 2275,44 | 12 ай | қала | 4550,88 |
| 1 ай | ауыл/аудан | 397,86 | 3 ай | ауыл/аудан | 1193,58 | 6 ай | ауыл/аудан | 2387,16 | 12 ай | ауыл/аудан | 4774,32 |



Меншік иесі:
«Қазақ үні» ЖШС
ҚАЗАҚ ҮНІ
Президент –
Редакторлар кеңесінің төрағасы –
Қазыбек ИСА

Бас редактор – Құлтөлеу МҰҚАШ
Бас редактордың бірінші орынбасары – Зейнолла АБАЖАН
Бас редактордың орынбасары – Азамат ТАСҚАРАУЛЫ
Жауапты хатшы – Гүлмира САДЫҚ
Бөлім редакторлары:
Дастан ЕЛДЕС (орыс редакциясы)
Айнұр АХМЕТ (мәдениет)
Нұржан АСАН (көркемдеуші)
АЙМАҚТАҒЫ ТІЛШІЛЕР:
Астана тілшілер қосыны:
Азамат ТАСҚАРАУЛЫ
(8-702-931-89-86)
Жасұлан ИСА
(8-776-120-19-72)
Ақмола облысы:
Бақыт СМАҒҰЛ (8-701-626-77-66)
Арқалық қаласы:
Нұрсұлтан НҰРМАН
(8-702-688-84-87)
Алматы облысы:
Айтақын БҰЛҒАҚ (8-702-239-62-99)
Мәди ИСЛАМ (8-775-119-12-13)
Мырзағали НҰРСЕЙІТ (8-701-771-6496)
Қанат БІРЖАНСАЛ (8-775-323-0850)
Батыс Қазақстан облысы:
Қажымұқан ҒАБДОЛЛА
(8-701-111-61-05)
Жезқазған қаласы:
Жанат АСАНҚАЛИ
(8-702-384-12-00, 8-707-261-20-98)
Сәтбаев қаласы:
Абдолла ДАСТАН
(8-(71063) 7-20-97, 8-777-302-46-79)
Қарағанды облысы:
Ахметқали ХАЛЕНОВ (8-701-450-30-18)
Қостанай облысы:
Төлен РАМАЗАНҰЛЫ (8-701-174-06-70)
Семей қаласы:
Рахат АЛТАЙ
(8-775-998-15-39)
Маңғыстау облысы:
Сағындық РЗАХМЕТ (8-775-379-84-88)
Түркістан облысы:
Әбдіғаппар АЙДАР
(8-702-475-75-66, 8-771-390-73-75)
Асылхан ӘЛІ (8-701-626-88-32)
Түркістан қаласы:
Әтіргүл ТӘШІМ (8-702-489-47-23)
Атқарушы директор –
Қаныш ЖАРЫЛҚАСЫН
Тарату бөлімі:

Астанада:
Жасұлан ИСА
(8-776-120-19-72)
Шымкентте:
Мұтән ИСМАЙЫЛ (8-701-692-1340),
Астанада «Алты Алаш» (87015728847) дүңгіршіктерінде сатылады
Газет ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігінде 19. 12. 2012 жылы тіркелген. Куәлік №13976-Г (Алғашқы куәлік №1270-Г, 01. 08. 2000 жыл).
Автордың пікірі мен редакция көзқарасы сәйкес келе бермейтінін ескертеміз.
Қолжазбалар өңделеді және қайтарылмайды.
Жарнама мәтініне жарнама беруші жауап береді.
Газеттен көшіріліп басылса, сілтеме жасалуы шарт.
Газетте «Қазақпараттың» материалдары пайдаланылды.
Газет «Қазақ үні» компьютер орталығында беттелді
АЙЛЫҚ ТАРАЛЫМЫ – 60 400
ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСІ – 65380
Редакцияның мекен-жайы:
050006, Алматы қаласы, Қалқаман-3 ықшамауданы, С. Сейітов көшесі, 11 үй
Байланыс телефоны:
8 (727) 398-57-31
E-mail: qazaquni2000@gmail. com
www. qazaquni. kz
Кезекші редактор –
Зейнолла АБАЖАН

ТОО «Қазақ үні»

БИН 000540006784
ИИК KZ508560000000385541
АГФ АО «БанкЦентрКредит»
г. Алматы, БИК KCJBKZKX, Кбе 17
Газет «Алматы-Болашақ» баспаханасында басылды. Алматы қ., С. Мұқанов к., 223 б.
Көлемі: 6 баспа табақ
(А) – материалдың жариялану ақысы төленген